ЖАҢАРҒАН ДЕПОНЫҢ ЖҰМЫСЫ ОҢДЫ

8-БЕТ | ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖАРТЫ ҒАСЫР ОҚЫРМАН ОРТАСЫНДА

11-БЕТ | РУХАНИЯТ

ҰЛЫ МЕРЕКЕНІ ҰЛЫҚТАҒАН

12-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> ЭКОНОМИКА ӨСКЕН САЙЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК АЗАЙЫП, ОРТА ТАП КҮШЕЙЕ ТҮСУІ КЕРЕК. СОНДА ҒАНА БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТЕ АЛАМЫЗ. ОЛ ҮШІН КЕЗ КЕЛГЕН ІСТІҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ ТИІМДІЛІК БОЛУҒА ТИІС. ЯҒНИ ӘРБІР ШЕШІМ, ӘРБІР ЖОБА ЕҢ АЛДЫМЕН ЕЛГЕ ПАЙДАЛЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ.

№129
(4717)
Сейсенбі
29 қазан
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

LRT ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Астанада қарқын алған LRT құрылысы 2025 жылдың соңында аяқталады деп жоспарланып отыр. Жалпы ұзындығы 22,4 шақырым болатын жеңіл рельсті көлік желісінде 18 станса, 19 жылжымалы вагон құрамы жүреді. Ауқымды жобаның құрылыс барысын Үкімет басшысы Олжас Бектенов пен елорда әкімі Жеңіс Қасымбек тексерді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

Республика күніне орай бас қалада әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеті таратылды.

Астана қаласы әкімдігі мен «Астана жастары» еріктілері Qazaq oil компаниясымен бірлесіп ұйымдастырған игі іс-шарада әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға, сондай-ақ ерекше балаларды тәрбиелеп отырғандарға 1 мың себет азық-түлік үлестірілді. Іс-шараға 100-ге жуық волонтер қатысты. Астанада Республика күніне арналған бұл қайырымдылық акциясы 3 жылдан бері өтіп келеді. Биыл акция барысында жалпы салмағы 45 тоннадан артық азық-түлік себеті таратылды.

БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

Республика күні қарсаңында елордада екі рет үшем дүниеге келді. Бұл қуанышты қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

№2 қалалық көпбейінді ауруханада босанған Айша Искакова бұған дейін екі баланың анасы еді. Енді үшемді дүниеге әкеліп, бақытты ана атанды. Жаңа туған сәбилерге Томирис, Ибрахим және Мухаммад есімдері беріліпті. Астаналық тағы бір ана Сәбина Алтынбекқызы да үш батырды дүниеге әкелді. Үшемнің атасы немерелерін Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай деп атапты. Үшемдердің бәрі аман-есен перзентханадан үйіне шығарылды.

ӨҢІРЛІК ЖӘРМЕҢКЕЛЕР ӨТТІ

Астанада өтетін өңірлер жәрмеңкесі қала тұрғындары үшін әрі қолайлы, әрі тиімді болып тұр. Азық-түлікті өндірушінің қолынан тікелей алатын болғандықтан, мұндағы өнім бағалары дүкендерге қарағанда әлдеқайда арзан болады.

6



ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

Еркін күрестен Қазақстан құрамасының өкілі Ризабек Айтмұхан Албанияда өткен 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы әлем чемпионатында 97 келіге дейінгі салмақта жеңімпаз атанды. Бұл – Ризабек Айтмұханның әлем чемпионатындағы үшінші жеңісі.

Астаналық балуан шешуші белдесуде ирандық Махди Морафаны 11:6 есебімен тізе бүктірді. Бұл – Ризабектің екі жыл ішінде үшінші рет алған жүлдесі. Өткен жылы Айтмұхан 92 келіге дейінгі салмақта ересектер арасында әлем чемпионы атанған, бұл Қазақстан тарихындағы еркін күрес балуандары арасындағы алғашқы алтын болды. Ал биыл Айтмұхан 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы әлем чемпионатында да топ жарған еді.

№129 (4717) 29/10/2024 Сейсенбі

БРИКС ЖАҺАНДЫҚ ТАРТЫЛЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруымен БРИКС-ке мүше мемлекеттер басшыларының XVI саммитіне қатысу үшін Қазан қаласына жұмыс сапарымен барды. Осы сапары аясында Қазақстан Президенті екіжақты кездесулер өткізіп, БРИКС-тің «аутрич»/«БРИКС+» форматындағы пленарлық отырысында сөз сөйледі.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Сондай-ақ Мемлекет басшысы БРИКС-тің XVI саммитіне қатысушылармен бірқатар кездесу өткізді. Атап айтқанда, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сисимен, Лаос Президенті Тхонглун Сисулитпен, Конго Президенті Дени Сассу-Нгессомен және Вьетнам Премьер-министрі Фам Минь Чиньмен кездесіп, аз-кем әңгімелесті. Одан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев БРИКС-тің XVI саммиті пленарлық отырысының «БРИКС плюс»/«аутрич» форматына қатысушылар – Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен, Беларусь Президенті Александр Лукашенкомен, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Минмен және Моңғолия Президенті Әкімшілігінің басшысы Гомбожавын Занданшатармен жүздесті.

БРИКС-тің ТӘЖІРИБЕСІ МЕН МҮМКІНДІГІ МОЛ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласындағы «Қазан Экспо» халықаралық көрме орталығында өткен БРИКС-тің пленарлық отырысының «БРИКС плюс»/«аутрич» форматында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы БРИКС өзара тиімді ынтымақтастыққа ниетті көптеген елдің назарын аударатын халықаралық ауқымдағы жаһандық орталыққа айналып келе жатқанын атап өтті.

«БРИКС даму тұрғысынан мол әлеуетке ие және түрлі құрлықтағы мемлекеттерді біріктіреді. Сондай-ақ ынтымақтастықты нығайтып, ортақ ресурстарды барлық қатысушының игілігіне тиімді пайдаланады. Өзара құрмет пен серіктестік, бірлесе өркендеу қағидаттарына негізделген келешектің іргесін қалауға БРИКС-тің тәжірибесі де, мүмкіндігі де жетеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, БРИКС-тің көпжақты күш-жігері әлемде әлі де баламасы жоқ әмбебап құрылым саналатын БҰҰ қызметін толықтыра түседі.

«БҰҰ Жарғысындағы дипломатия мен диалог қағидаттары БРИКС-тің негізгі күн тәртібіне айналды. Ол қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеуге және стратегиялық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етіп отыр. Біз Еуразияның тең әрі біртұтас қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты Ресейдің тұжырымдамасын жоғары бағалаймыз. Оның түп негізінде өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту арқылы геосаяси қысымды төмендету ниеті жатыр. Қазақстан Қытайдың халықаралық тұрақтылықты сақтау, егемендікті қорғау, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу және көпқырлы тәсілдерді қолдану арқылы жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бастамасын қолдайды. Сондай-ақ еліміз Қытай мен Бразилияның Украина жөніндегі бейбіт жоспарын құптайды» деді Президент.

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ АХУАЛ АЛАҢДАТАДЫ

Бұл ретте Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалдың ушығуына алаңдаушылық білдірді.

«Біздің ойымызша, қақтығыстың кедейшілік, теңсіздік пен білімсіздік сияқты түп себептерін бірлесіп жою халықаралық саяси ықпалдастықты нығайтудың негізгі факторы болып қала береді. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалауды және оның құрамын Африка, Латын Америкасы, Азия елдерінің жаңа мүшелері есебінен кеңейтуді қуаттайды» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелерін шешуде Жаһандық Оңтүстік елдерінің үні салмақты шығуға тиіс деп мәлімдеді. Оның айтуынша, БРИКС жаһандық басқару құрылымында орта державалар мен дамушы экономикалардың үлесін арттырып, бұл үдерісте негізгі рөл атқара алады.

КЕЛЕШЕГІ ЗОР БАҒЫТТАРҒА ТОҚТАЛДЫ

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қазақстанның БРИКС-ке мүше елдермен сауда-саттық айналымы қарқынды өсіп келе жатқанын атап өтті. Бұл көрсеткіш былтыр еліміздің сыртқы сауда көлемінің жартысына жетті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сауда және инвестиция, IT-технология, аса маңызды минералдар, азықтүлік қауіпсіздігі, білім және туризм салалары өзара тиімді серіктестіктің перспективті бағыттары саналады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өз сөзінде көлік-транзит саласындағы, ең алдымен, «Бір белдеу, бір жол», «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі және Транскаспий халықаралық көлік бағыты бастамалары аясындағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселесіне баса мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ су тапшылығы, ауа температурасының күрт көтерілуі және шөлейттену секілді климат өзгерістерінің салдарын еңсеру үшін «БРИКС плюс» аясында сенімді серіктестік қатынастар қалыптастыру қажет екенін атап өтті.

Президент сөзін қорытындылай келе, «БРИКС плюс» форматындағы бірлескен әрекеттер Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы өзара байланысты едәуір нығайтып, мемлекеттер дамуындағы алшақтықты жоюға, халықаралық қауіпсіздікті айтарлықтай күшейтуге және жаһандық прогресс үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретінін айтты. Саммитке 36 елдің өкілдері және 6 халықаралық ұйымның жетекшілері қатысты, сондай-ақ жоғары деңгейдегі 20-ға жуық делегация келген.



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Аустрияның Федералдық Президенті Александр Ван дер Белленді Аустрия Республикасының Ұлттық күнімен құттықтап, жеделхат жолдады.

Президент жеделхатында екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар бірлескен күш-жігер арқылы Қазақстан мен Аустрияның ықпалдастығы қос халықтың игілігі үшін беки түсетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Ван дер Белленге және Аустрия халқына құт-береке тіледі.

***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Петр Павелді Чех Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Қазақстан Республикасының Президенті құттықтау жеделхатында Қазақстан мен Чехия арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі нығая түсетініне сенімді екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Петр Павел мен барша чех халқына құт-береке тіледі.

ПРЕЗИДЕНТ МОҢҒОЛИЯҒА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухтың шақыруымен Моңғолияға мемлекеттік сапармен барды. Ұлан-Батыр әуежайында еліміздің делегациясын Моңғолияның Сыртқы істер министрі Батмунхийн Батцэцэг қарсы алды.

Мемлекет басшысы Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэгвийн Амарбаясгаланмен және Премьер-министр Лувсаннамсрайн Оюун-Эрдэнэмен кездеседі. Сапар аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізу, сондай-ақ бірқатар маңызды құжатқа қол қою жоспарланған.

Осы сапардың аясында Қазақстан-Моңғол іскерлік кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Осы жиында Қазақстан eGov электронды үкімет жүйесін Моңғолияға экспорттайтыны белгілі болды. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәлімдеді. Бұл жоба Моңғолияға Қазақстанның мемлекеттік қызметтерді цифрландырудағы жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Онда қызметтердің 90 пайыздан астамы онлайн режимінде ұсынылады.

ТАЛАП ҚАТАҢ БОЛАДЫ

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұл туралы Премьер-министр Олжас Бектеновтың Сенат депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және лауазымды тұлғалардың өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттерін қарастырады. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауының алдын алу жөніндегі қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікте болады. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы аясында әкімшілік жауапкершілікке тартуды көздеу ұсынылады» деп түсіндірді Үкімет басшысы жауабында.

Олжас Бектеновтің нақтылауынша, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына өз өкілеті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға кінәлі өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қолданбағаны не ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып, көрсетілген шараларды қабылдағаны үшін 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік жүктеледі.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗДЫҢ БА – ТӨЛЕ!

Заңнамаға өзгеріс енгізіліп, бұдан былай жол ережесін жиі бұзатындар сақтандыру қорына қосымша ақы төлейді. Яғни ылғи жылдамдықты асырып жүретін, қызыл жолаққа өтіп кете беретін, қарсы бағытқа шығып айдайтын көлік жүргізушілері көбірек ақша аударады. Елімізде сақтандырудың 18 класы бар. Оның ең төменгісі – М2. Оған мас болып көлік жүргізгендер, соңы адам өлімімен аяқталған жол апатына кінәлілер автоматты түрде енгізіледі.

№129 (4717) 29/10/2024 Сейсенбі

LRT ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов елордада жеңіл рельсті көлік (LRT) желісін салу жөніндегі жобаның барысын тексерді. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек нысанның дайындық деңгейі және мегаполистің көлік жүйесін одан әрі дамыту келешегі туралы баяндады.

Бүгінгі таңда LRT эстакадасының арқалықтарын төсеу кезеңі аяқталды. Стансалардың негізгі темірбетон конструкциялары құрылысын 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Келесі жылы рельстерді төсеу, стансаларды әрлеу және жылжымалы құрамдарды жеткізетін депо құрылысын жүргізу, Қабанбай батыр даңғылы мен Ш.Қалдаяқов көшесі бойындағы эстакадалық бөлікті абаттандыру жүргізіледі.

Жеңіл рельсті желінің жалпы ұзындығы 22,4 км құрайды. LRT құрамына 18 станса кіреді. 652 адам сыятын 19 жылжымалы құрамды іске қосу жоспарлануда. Қозғалыс аралығы 4-5 минутты құрайды. Бастапқы кезеңде тәулігіне 25 мың жолаушы ағыны күтіледі, бұл ретте жолаушылар ағыны ең жоғары уақытта тәулігіне 92 мың адамға жетуі мүмкін. Төлем жүйесі қалалық аналогы бойынша көлік картасын валидациялау немесе QR-кодпен төлеу қарастырылған.

Станса аумағында Премьер-министр құрылыс барысында қолданылатын технологиялық шешімдермен танысты. Жобаны іске асыруға China Construction Sixth Bureau, Yunnan Construction and Investment Holding Group Co., Longjian Road and Bridge Co., Tianjin Rail Transit Group Co., CRRC Tangshan Co LTD. сияқты жоғары стандарттарды сақтауымен танымал қытайлық жетекші компаниялар тартылған. Сондай-ақ CRSCInternational, CASCO, HUAWEI Smart Transport BU компаниялары көлік жүйесінің қауіпсіз әрі тиімді жұмысын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын байланыс, дабыл және автоматтандыру жүйелерін реттеуге қатысады.

China Railway Asia-Europe Construction Investment қосалқы мердігер компаниясының бас директоры Чжоу Хайвэй инновациялық технологиялар қолданылып жатқанын баяндады. Жоба аяқталғаннан кейін жеңіл рельсті желі бойымен жүргізушісіз пойыздар іске қосылады. «City Transportation Systems» ЖШС басқарма төрағасы Асылбек Дүйсебаевтың айтуынша, барлық құрылыс жұмысын аяқтап, LRT-ны іске қосу 2025 жылдың соңына жоспарланған.

Олжас Бектенов жобаның сапасы мен іске асырылу мерзімін бақылауды күшейту қажеттігін атап өтті.

«Мемлекет басшысы еліміздің көлік жүйесін дамытуға үлкен көңіл бөлуде. LRT жобасы бойынша инфрақұрылымды дайындау жөнінде қыруар жұмыс жүргізілді, қаражат бөлінді. LRT елорда тұрғындары мен қонақтарына қызмет көрсетеді. Құрылыс жұмысының қарқыны артып келеді, оны бәсеңдетпеу маңызды. Жоба ең жоғары деңгейде жүзеге асырылуы керек. Әкімдік пен орталық мемлекеттік органдар тарапынан бақылау күшейтілуі тиіс. Нәтижеге жұмыс істейтін боламыз» деді Премьер-министр.

ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАУ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының отандық кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға қатысты тапсырмаларын орындау мәселесі бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Негізгі міндет – мемлекеттік сатып алулар мен мемлекеттік қолдау шараларына басым қолжетімділігі бар кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға бөлу әдіснамасын цифрландыру. Бұл ретте мемлекеттік қолдау алатын кәсіпкерлік субъектілерінің өзара міндеттемелері қажет. Өнім сапасы, еліміздегі өндірісті локализациялауға және қазақстандық қамту үлесі, сондай-ақ кәсіпорынның өңір мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына одан әрі қосқан үлесіне баса назар аударылуда. Цифрлық формат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және адами фактордың әсерін жоюға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Үкімет мемлекеттік қолдау шараларының өнеркәсіп саласын дамытудағы әсеріне кеңейтілген талдау жүргізуде. Жаңа ақпараттық платформа кәсіпкерлік белсенділік бойынша деректерді мемлекеттік қолдау шараларын алғанға дейін және кейін динамикада көрсетеді. Платформада отандық кәсіпорындар, олардың жүктемесі, шығарылатын өнімдер, сыртқы сауда қызметі, қызметкерлер саны, сондай-ақ олармен жасалған шарттар, оның ішінде ұзақ мерзімді және офтейк-келісімшарттар туралы деректер бар. Жүйе мемлекеттік органдарға проактивті форматта талдау, мониторинг жүргізуге және бизнеске уақытылы қолдау көрсету үшін басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев 2 мыңнан астам отандық кәсіпорынның деректер жүйесіне жүктелгені туралы баяндады, отандық өнімді әлеуетті сатып алушылар саналатын реттелетін сатып алу субъектілері – компаниялар туралы мәліметтер бар, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар мен бизнес арасында жасалған ұзақмерзімді шарттар туралы ақпарат жүктелген.

Smart Data Ukimet ақпараттық-талдау жүйесі негізінде әзірленген платформа бұрын шашыраңқы ақпараттық жүйелерден алынған деректерді біріктіреді және жүйелейді. Ол Қаржы, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрліктерінің, СК-Фармация, «Самұрық-Қазына келісімшарт» ЖШС, электрондық сатып алулар, квазимемлекеттік сектордың (Mitwork) және жер қойнауын пайдаланушылардың (NadLock) реттелетін сатып алуларының базаларымен толық интеграцияланған. Сонымен қатар «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры мен «Бәйтерек» холдингінің қазақстандық кәсіпорындарға көрсетілетін қолдау шаралары туралы деректері жүктелді. Ақпаратты жаңарту онлайн режимінде жүзеге асырылады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Денсаулық сақтау, Қаржы министрліктерінің басшылары да платформаны толтыру және практикалық қолдану бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРДЕЛЕУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 31 қазан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Соған сәйкес, алдағы бейсенбіде сенаторлар екі мәселені қарайды. Олардың бірі – «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» заң. Аталған құжаттың нормалары екі мемлекет арасындағы құқықтық ынтымақтастықты нығайтуға және сотталғандардың жазасын өтеу үшін олар азаматы болып табылатын мемлекетте қоғамға қайта қосылуына жәрдемдесуге арналған.

Сондай-ақ Палата отырысында Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бір топ сенаторлардың цифрландыру мәселелері бойынша депутаттық сауалына ауызша жауабы тыңдалады. Сенат спикері мәселенің маңызды екеніне тоқталып, талқылауға басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысатынын айтты.

Бюро отырысында депутаттардың алдағы уақытта Абай облысының Курчатов қаласында өтетін радиациялық және сейсмикалық қауіпсіздік мамандарымен кездесуіне қатысты мәселелер де талқыланды. Қазақстанда АЭС салынуына байланысты бұл тақырыптың өзектілігі арта түскені анық.

Сонымен қатар сенаторлар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын іске асыру аясында аграрлық секторды тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиелендіруге көшу және денсаулық сақтау жүйесін кадрлық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелерін жергілікті тұрғындармен бірге талқылау үшін өңірлерге барып, кездесулер өткізеді.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазір елімізде, әсіресе ауылдық жерлерде білікті медицина кадрларының тапшылығы өте өзекті. Сондықтан саладағы проблемаларды жан-жақты зерделеп, тиісті мамандармен бірлесіп оларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеудің маңызы зор.

ҮШЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды. 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы және осы жылдарға Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы заң жобалары депутаттардың қарауына ұсынылады.

Түзетулер еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, 2025-2027 жылдарға арналған бюджет параметрлерін және Президент тапсырмаларын негізге ала отырып, Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді. Сондай-ақ депутаттар «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заң жобасын ілеспе түзетулерімен бірінші оқылымда талқылайды. Үкімет әзірлеген заң жобасы республиканың аумақтық қорғанысының құқықтық негіздерін, мақсаттары мен қағидаттарын айқындап, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың аумақтық қорғаныс саласындағы өкілеті мен міндетін белгілейді.

№129 (4717) 29/10/2024 Сейсенбі

ҮЗДІК ПЕДАГОГТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Республика күні қарсаңында елордалық педагогтар «Үздік педагог-2024» республикалық байқауының жеңімпаздары атанды.

Индира БЕРЖАНОВА

Салтанатты жиында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев республика бойынша мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 64 педагогіне марапат табыстады. Жеңімпаздар қатарындағы 5 педагог – астаналық ұстаздар. Олар:

– Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияның химия пәні мұғалімі Ақмарал Қожантаева;

– Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейдің география пәні мұғалімі Баян Қырғызбаева;

– №73 мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі Гүлназия Ұзақбайқызы;

– №46 балабақша-мектеп-гимназияның география пәні мұғалімі Андрей Хлыбов;

– Жоғары көлік және коммуникация колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Айнагүл Сүндетова.

Жеңімпаздарға «Үздік педагог» куәлігі мен төсбелгісі, 1000 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі ақшалай сыйақы берілді.

Адал әрі табанды еңбек етіп, балаға үйретуден жалықпайтын ұстаздар қауымы түрлі ізденістері мен тың жобалары арқылы бүгінде білім берудің сапасын арттырып келеді.

ДОМБЫРАШЫ-КҮЙШІЛЕР ДОДАСЫ

«Күй анасы» республикалық қорының бастамасымен, Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Дина Нұрпейісова атындағы «Астана – күй қанатында» домбырашы-күйшілердің II қалалық байқауы өтті.

Жастардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында өткен байқауда 40 қатысушы бақ сынады.

Жалпы күй байқауы екі кезең бойынша өтті. Атап айтқанда, бірінші кезең онлайн форматта өтіп, нәтижесінде екінші кезеңге өткен 24 қатысушы анықталды. Олар Құрманғазы мен Дина Нұрпейісованың бір-бір күйін орындады.

Байқау қорытындысы бойынша 14-18 жас аралығындағы қатысушылар арасында 1-орынға Ералы Таупих ие болды, 2-орын Жазира Ораковаға, ал 3-орын Қорғасбек Изатуллаға бұйырды. 19-35 жас аралығындағы қатысушылар арасында 1-орынды Валерия Булекбай алды, 2-орынға Дильнара Анарбекова, ал 3-орынға Ғалымжан Ғаббас ие болды.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ДІН ТАҚЫРЫБЫН ТҮСІНДІРДІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің қолдауымен республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелері Астана қаласына іссапармен келді.

Аталған іссапардың мақсаты – жастардың экстремизмге қарсы санасын қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерінде құқықтық және азаматтық жауапкершілік деңгейін арттыру, Қазақстан жастарын радикалды және деструктивті діни топтарға айналдыруға жол бермеу.

Қалада жалпы саны 20 іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға Астана қаласы әкімдігі Діндерді зерттеу орталығының теологы Арман Нұрахметұлы, «Нұр Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, PhD доктор Түсіпхан Имамумади, «Нұр Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы, магистр Данияр Еркінұлы, Астана қаласы әкімдігі Діндерді зерттеу орталығының бөлім басшысы Нұрсұлтан Берікұлы қатысып, дәріс оқыды.

Түсіндіру тобының мүшелері Астана қаласы аумағында ЖОО мен колледж студенттері базасында болды. Олар жастар арасында «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет», «Жастар және дін», т. б. тақырыптарда түсіндіру жұмысын жүргізді.

Елордада мемлекеттік сатып алу саласында 127 кәсіпкердің құқығы қорғалды. Бұл туралы Астана қаласы коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық прокуратура басқармасының прокуроры Тархан Закарин айтты.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын қорғау бағытында прокуратура органдары бірқатар жұмыс атқарды.

«Биыл мобильді топтарға 90 сигнал келіп түсті, қарау нәтижелері бойынша оның 32-сі расталды, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқығын қорғау аясында басқа да жұмыстар бойынша 33 заң бұзушылықты жою туралы ұсыныс, 13 наразылық енгізілді, шектеу шараларын алып тастау туралы 5 қаулы шығарылды. Нәтижесінде 47 лауазымды тұлға тәртіптік, 95 тұлға әкімшілік жауапқа тартылды, 4000-нан астам кәсіпкердің құқығы қорғалды, кәсіпкерлер 16 млн теңге айыппұл сомасынан босатылды» деді прокурор.

Оның айтуынша, кәсіпкерлер құқығының көп бұзылуы салық, мемлекеттік сатып алу және жер қатынастарында болып тұр. Дегенмен прокуратура органдары бұзушылықтарды жою, оларды болдырмау мақсатында ықпал етіп, бизнес субъектілерінің құқығын қорғау жөніндегі жұмыстарды қарқынды жүргізуде.

ҚАЛАМГЕР ҚОЛТАҢБАСЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

Кеше елордада көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқанованың драматургиясына арналған «Театр all» III халықаралық театр фестивалінің ашылу салтанаты өтті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 3 қарашаға дейін жалғасатын өнер мерекесіне ел театрларымен қатар Әзербайжан мен Қырғызстан ұжымдары қатысып жатыр.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Фестиваль М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының «Мәңгілік бала бейне» қасіретнамасымен ашылды. Дәл осы қойылымды елордаға А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры да (режиссері – А.Оспанбаева) әкеліп отыр. Сондай-ақ Роза Мұқанованың драматургиядағы жолын ашқан аталмыш спектакльді Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры (режиссері – Қ.Ешмұратова) және Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры «Қызжылаған» атауымен (режиссері – Абзалбек Максим) ұсынады.

Фестиваль қарсаңында «Қызжылағанның» премьерасы өтті. Жалпы қаламгердің «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің сахнаға жол тартқанына биыл 28 жыл болды. Содан бері талай театрда сахналанды. Әңгіменің пьесаға айналуына бірден-бір себепкер – тағдырлы талант Болат Атабаев. Қара шаңырақ – Мұхтар Әуезов театрында алғаш сахналаған да өзі. Яғни Болат Атабаев – «Мәңгілік бала бейненің» тұңғыш қоюшы режиссері. Ал әзірге соңғысы – Абзалбек Максим. Мұның алдында жас режиссер дәл осы спектакльді Астананың «Жастар» театры жанындағы «Қанаттылар» инклюзивті театрында сахналаған. Қойылымның бұл нұсқасы бас кейіпкер Ләйләні шынайы, беріле сомдаған марқұм Малика Мұхтарованың ойынымен есте қалды. Соны қоюшы режиссер Музыкалық жас көрермен театрында жаңаша жаңғыртты. Мұнда полигон тақырыбы, оның зардаптары ғана емес, жастар тәрбиесі, ауылдардың қаңырап қалуы, сайлау алдында неше түрлі уәде беріп, соңында орындамайтын депутаттар мәселелері қамтылған. Абзалбектің спектакльді беруі шығарма авторы Роза Мұқановаға да, Болат Атабаев нұсқасын көріп, кезінде үлкен мақала жазған көрнекті жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәрбану Бейсеноваға да ұнады.

«Театр all» III халықаралық театр фестивалі бағдарламасында Бішкек қаласы Жамал Сейдакматова атындағы «Тунгуч» жастар театрының «Жесір» драмасы (режиссері – А.Кыдырмышев), С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының «Ешкім де кінәлі емес» драма-абсурды (режиссері – Б.Киекбаев), Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының Роза Мұқанова инсценировкасын жасаған Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлу» метафизикасы (режиссері – А.Шәріпов), Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының «Бопай ханым» спектаклі (режиссері – Ж.Жұманбай), Түркістан музыкалық драма театрының «Фариза» драмасы (режиссері – Ф.Молдағали), Әзербайжан Республикасы, Газах мемлекеттік драма театрының «Шатыр астындағы мен» трагикомедиясы (режиссері – М.Эйюбов) бар. Сондай-ақ фестиваль аясында Р.Мұқанованың 60 жас мерейтойына арналған «Жарық дүние» атты шығармашылық кеш өтеді.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН

Республика күнінде «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен елордалық жас отбасылар арасында «Қазағымның дәстүрлері-ай» атты ұлттық-этнографиялық сайыс өтті. Байқаудың өтуіне Астана қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесі қолдау білдірді.

Индира БЕРЖАНОВА

Биыл екінші жыл қатарынан ұйымдастырылған сайыс қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын заманға сай жаңғырту, жастар арасында насихаттау, отбасы институтының мәртебесін көтеру, іргесін нығайту, дәстүрлі отбасы құндылықтарын жастар арасында дәріптеу, жас отбасылардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталды.

«Елімізде отбасылар арасында этнографиялық бағытта ұйымдастырылатын байқау жоқтың қасы. Мұндай іс-шаралардың көптеп насихатталуы үшін байқаудың ұйымдастырылуына мұрындық болған елорданың Сарыарқа ауданы әкімдігі, Мәдениет басқармасы, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесіне алғыс айтамын. Ұлттық құндылықты ұлықтайтын қолдаушылармен бірге бұл байқау дәстүрлі түрде жалғасын табады деген сенімдемін. Жас отбасылардың береке-бірлігін сақтауға ұйытқы бола отырып, отбасы құндылығын арттырсақ деген мақсатымыз бізді алға жетелеп отыр» деп бөлісті «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Тұрар Шәкен.

Сайысқа қатысуға өтініш білдірген 20-ға жуық отбасыдан сайдың тасындай 8 отбасы іріктелді. Қатысушылар үш кезең бойынша бақ сынасты. Алдымен отбасылар өз-өзін таныстырып, «Он саусақтан өнер тамған» атты екінші бөлімде қазақтың ұмыт болған ас мәзірін дайындап әкеліп, қолөнер бұйымдарын жасап көрсетті. Соңғы бөлім «Өнер-білім бар жұрттар» деп аталып, қатысушыларға ұлттық құндылыққа қатысты зияткерлік сұрақтар қойылды.

«Байқауға биыл бірінші рет қатысып отырмыз. Өзім алты баланың әкесімін. Қазақтың салт-дәстүрін отбасылар арасында насихаттау тәрбиенің бірден-бір кепілі деп білемін. Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілері рас. Отбасымыздың негізгі ұстанымы да сол, өскелең ұрпақты ұлттық құндылықпен сусындап өсіру, қазақы салт-сананы барынша дарыту. Осы орайда мұндай игі іс-шаралардың өтіп отырғаны қуантады» деп бөлісті сайысқа қатысушылардың бірі Қанат Сембеков.

Өнегелі әке, ақылды ана, ұлағатты ұрпақ – үздіктерді анықтауда негізге алынған үш маңызды талап. Байқаудың қорытындысы бойынша бас жүлдеге – Мекебай отбасы, 1-орынға – Мұқажановтар, 2-орынға Сембековтер әулеті лайық деп танылды. Ал 3-орынды Сауханов тар мен Хызайхан жанұясы өзара бөлісті. Байқауға қатысқан үш отбасы номинациялар бойынша арнайы сыйлыққа ие болды. Атап айтқанда, «Өнегелі отбасы» номинациясын – Қалитовтар отбасы, «Дәстүрге берік отбасы» номинациясын – Пірімқұловтар отбасы және «Көрермен көзайымы» номинациясын Мұқановтар отбасы иеленді.

Жеңімпаздарға астау, тостаған, ожау сынды ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар, сонымен қатар «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің брендік бұйымдары мен кітаптар табысталды. Марапаттау рәсімінен кейін отбасыларға концерт бағдарламасы қойылды.

БІРЕГЕЙ АРТ-НЫСАН АШЫЛДЫ

Астанадағы «Нұржол» бульварында Республика күніне орай мейірімділік пен бейбітшіліктің символын бейнелейтін бірегей «Бақбақ гүлі» арт-нысаны пайда болды.

Жоба адамдарды біріктіруге және әлеуметтік құндылықтарды нығайтуға ықпал ететін құндылықтарға назар аударуға бағытталған. Ашылу салтанатына өнер нысанының авторы Григорий Потоцкий, сондай-ақ бастаманы қолдайтын елорданың мәдени қайраткерлері қатысты.

«Қазақстан – мейірімділік пен ризашылық елі, сондықтан біз бұл идеяны бүкіл әлемге таратуға тырысамыз» деді мүсінші Г.Потоцкий.

Бірлескен автор Аркадий Пекаревский «Бақбақ гүлі» символы қазірдің өзінде 36 елде бар деді.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ МЕРЕЙІ

Елорданың әр ауданында ұлттық мереке – Республика күні сән-салтанатымен аталып өтті. Қалада бірнеше жаңа нысан ашылып, 100-ден астам мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Айтулы күні мерекелік отшашуды 10 мың астаналық тамашалады.

Триатлон саябағында өткен мерекелік отшашу жеке демеушілік қаражат есебінен ұйымдастырылды. 4 минут ішінде аспанға биіктігі 30-дан 250 метрге дейін 2500 отшашу ұшырылды.

Мереке аясында елордада және әр ауданда әртүрлі саланың еңбек сіңірген қызметкерлері, еңбек ардагерлері, батылдық танытқан азаматтар марапатталды. Сонымен қатар мереке күні қалада тұрғын үйлер және т. б. пайдалануға беріледі.

Республика күні елорданың 5 ауданында шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың қатысуымен концерт бағдарламалары ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Алматы ауданындағы «Интернациональный» тұрғын алабында танымал қазақстандық композицияларды орындаған «Жастар» театрының әртістері өнер көрсетті. Байқоңыр ауданы «Өндіріс» тұрғын алабындағы алаңда Қуыршақ театрының концерт бағдарламасы ұйымдастырылды, мұнда халық ертегілері мен сүйікті мультфильмдердің кейіпкерлері болды. Есіл ауданындағы «Бәйтерек» монументінің алдындағы алаңда көрермен үшін Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы мен елордалық цирк әртістері өнер көрсетті. Қалалықтар цирк әртістерінің түрлі акробатикалық трюгін тамашалады. Сарыарқа ауданындағы қалалық алаңда «Жошы» этно-фольклорлық ансамблі халық аспаптарының сүйемелдеуімен қазақ фольклорының үздік үлгілерін ұсынды. Ал Нұра ауданындағы Орталық саябақ аумағында «Наз» мемлекеттік би театрының әртістері көрермен алдында заманауи және дәстүрлі би нөмірлерінің бағдарламасымен мерекелік көңіл күй сыйлады.

АСЫҚ АТЫП, КӨЛІК МІНДІ

Асық атудан Республика күніне орай Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде алғаш рет ашық турнир ұйымдастырылды. Финалға 17 облыс, 3 мегаполистегі іріктеудің қорытындысы бойынша 21 жастан асқан 2 мыңға жуық қатысушының арасынан 1-2-орын алған 40 спортшы ғана жолдама алды.

«Осындай турнирді ұйымдастыру идеясы жарты жыл бұрын ойымызға келіп, аймақтарда іріктеу жарысын бастап кеттік. Асық ату көпшіліктің жадында ауыл балаларының күнделікті ойыны ретінде сақталып қалған. Сондықтан оны ұлттық, бұқаралық деңгейге көтеру үшін автокөлік арқылы қызығушылықты арттырсақ дейміз. Іріктеу кезеңдерінде де жүлдегерлер ақшалай сыйақымен марапатталған болатын. Алдағы жылдары дәстүрге айналдырсақ деген жоспарымыз бар. 21 жастан асқандар ғана емес, жасөспірімдер санатын да қосу жоспарда бар. Себебі жас буынды қазірден үлкен додаларға дайындай беруіміз керек. Жарысқа тоқталар болсақ, бәсеке өте жоғары. 4-5 жыл бойы ел чемпионы атанған, IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысқан жерлестеріміздің өзі жеңіліске ұшырады. Әділ болу үшін арнайы камера да қойдырдық. Жаңа есімдерді шығарып, оларға мүмкіндік беру – міндетіміз» деді «Көшпенділердің асық спорты» халықаралық федерациясының президенті, Мәжіліс депутаты Олжас Құспеков.

Турнир тартысқа толы болып, құралайды көзге атқан мергендер соңғы сәтке дейін жеңіске ұмтылды. Сондай ойынның бірі ширек финалда Шымкент спортшысы, қырғыздардың ұлттық «ордо» ойынынан IV Дүниежүзілік көшпенділер ойынының күміс жүлдегері Әнуарбек Нұржігіт пен Алматы қаласының үздігі Таубай Жұмабектің арасында өтіп, жеңімпаз тек қосымша атыс барысында ғана анықталды. 4:5 есебімен жеңілудің алдында тұрған Нұржігіт Молжігітов дер кезінде жинақталып, 6:5 есебімен басым түсіп кетті.

Жартылай финал да қарсыластардың бітімсіз, шиеленістігімен есте қалды. Әнуарбек Нұржігіт алғашқы ойында «Алаш сақасы» турнирінің күміс жүлдегері Ғарышбек Құлыбектен 2:1 есебімен басым түссе, екінші жұпта алғашқы ірі додаға қатысып жатқан Жетісу облысының спортшысы Қастай Манас соңғы сәтке дейін Нұрлан Жомартқа (Павлодар облысы) қарсылық көрсетті. Алма-кезек басымдықпен өткен кездесу 2:1 есебімен Павлодар облысының пайдасына шешілді.

Ал үшінші орын үшін таласта тәжірибелі Ғарышбек Құлыбек Жетісу облысының өкілін 2 партияда да мерзімінен бұрын ұтып, қола жүлдеге ие болса, финалдық бәсекеде Әнуарбек Нұржігіт асық атудан IV Дүниежүзілік көшпенділер ойынының чемпионы Нұрлан Жомартқа екі партияда да мүмкіндік қалдырмады. Нәтижесінде мыңнан оза шапқан Әнуарбек Нұржігіт JAC темір тұлпарын тізгіндесе, күміс жүлдегер Нұрлан Жомарт 1 миллион теңге сыйақы алды. Ал қола жүлдегер Ғарышбек Құлыбек 500 мың теңге сыйақымен марапатталды. Жеңіске деген жігері үшін Жетісу облысының өкілі Қастай Манасқа арнайы кубок берілді.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



№129 (4717) 29/10/2024 Сейсенбі

Астанада қыркүйек айынан басталған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өңірлік жәрмеңкесі мәресіне жетті. Оны Ақмола, Қостанай және Ұлытау облыстарының тауар өндірушілері аяқтады.

КҮЗГІ ЖӘРМЕҢКЕ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Биылғы жәрмеңке Қарқаралы тасжолындағы «Қазанат» ипподромына қарама-қарсы орында өтті. Оның соңғысына қатысқан үш облыс фермерлері елордаға 800 тоннаға жуық өнім әкелді.

Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Кенеш Әлімжановтың айтуынша, аталған облыс – Астананың азық-түлік белдеуі.

– Ақмола облысы Астананың айналасында азық-түлік белдеуін құрудың негізгі буыны және жалпы республикалық астық өндірісінің төрттен бірінен астамын өндіреді. Осындай игі іс-шара аясында біз елордамен тұрақты түрде жұмыс істеп келеміз. Елорда тұрғындары үшін өнімдеріміз қашанда сұранысқа ие, – деді басқарма басшысы.

Бұл жолы Ақмола облысы 300 тоннадан астам жаңа өнімдерді, оның ішінде ет, сүт, көкөніс және жарма өнімдерін ұсынды. Жәрмеңкеге қатысушылардың арасында «Гормолзавод», «Родина», «Макинск құс фабрикасы», «Бижан», «Қазгер құс» сияқты ірі жергілікті өндірушілер бар. Бурабай ауданының «Жас» ЖШС жетекшісі Зәуре Ғалиақпарова жәрмеңкеге жыл сайын келетінін, дәстүр бойынша биыл да ет және еттен жасалған түрлі өнімді алып келгенін жеткізді.

Қостанай облысының аграршылары 402 тонна өнім, оның ішінде 52 тонна ет, 95 тонна көкөніс және 40 тонна ұн, сонымен қатар брендтері республикаға және одан тыс жерлерге танымал «Милх», «ДЕП», «Баян сұлу», «Бекиров» және т. б. кәсіпорындар өздері өндірген сүт және кондитерлік өнімдер әкелді. Ұлытау өңірі жәрмеңкеге 70 тонна ет, көкөніс және сүт өнімдерін жеткізді.

Жалпы биылғы іс-шара қыркүйектің 21-інде басталып, жәрмеңке маусымын алғашқы болып Ақтөбе, Атырау және Жамбыл облыстарының аграршылары ашқан болатын. Олар елордаға 400 тонна өнім жеткізді. Ақтөбе облысында өндірілген өнімдердің арасында ет және сүт, көкөніс түрлері мол болса, Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші 10 аудан мен Тараз қаласының 90-нан астам ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер 10 автокөлікке тиелген азық-түлік жеткізді. Оның ішінде 33,2 тонна ет (жылқы, сиыр, қой және тауық еті), 4 тонна шұжық өнімдері, 22,2 тонна сүт өнімдері, 6 мың жұмыртқа, 10 тонна қант, 2,5 литр өсімдік майы, 1 тонна ас тұзы, 4 тонна балық, 4 тонна ұн, 6,8 тонна бал және 202,3 тонна жеміс-жидек пен көкөніс өнімдері болды. Ал Атырау облысынан алғашқы жәрмеңкеге барлығы 27 шаруашылық иелері қатысты.

28-29 қыркүйекте астаналықтарға Абай және Қызылорда облыстарының шаруалары 830 тоннадан астам өнім әкелді. Бұл жолы жұрттың көбі Қызылорданың күрішін сатып алуға арнайы барса, Абай облысының атынан Астанаға экологиялық таза бал сататын 6 шаруа қожалығы келді. Олардың өнімдері тек Қазақстан бойынша ғана емес, шетелге де жеткізіліп жүргені шындық. Жергілікті фермерлердің айтуынша, бұл жердің балы – ең таза әрі экологиялық пайдалы өнім. Жалпы Абай және Қызылорда облыстарының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жәрмеңкеге 400 тонна күріш, 100 тонна балық, 100 тонна сиыр және жылқы еті, сондай-ақ 30-40 тоннаға жуық бал әкелді.

> Биыл елордада ұйымдастырылған күзгі жәрмеңкеге 14 өңірден 70-ке жуық фермер келіп, олар 5 мың тоннадан астам өнім сатты. Әр облыс елордаға өздері өсіретін немесе өндіретін өнімдерін әкелді. Тауарлардың бағасы нарықтағыдан 10-20 пайызға төмен

12-13 қазан күндері Павлодар, Батыс Қазақстан және Жетісу облыстарының аграршылары елордалықтарға өз өнімдерін ұсынды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер елордалық жәрмеңкеге 900 тоннадан астам өнім әкелді. Олардың арасында ет, сүт, шұжық, көкөністер, жеміс-жидектер, сүт өнімдері, өсімдік және жануар майлары, бал, балық, қант, ұн, жарма, түрлі кондитерлік өнім көп болды. Жәрмеңкеге Павлодар облысы 550 тоннаға жуық өнім әкелді, оның басым бөлігі – картоп, көкөніс және бақша дақылдары.

Жетісу облысының аграршылары, жаңа піскен жеміс-жидектер, ет және қантты қоса алғанда, 120 тоннадан астам тауар ұсынса, Батыс Қазақстан облысы ет өнімдерінің алуан түрін, сондай-ақ ұн мен макарон өнімдерін әкелді. Алматылық фермерлер елордалықтарға 200 тонна өнім ұсынды, олардың ішінде әйгілі «Апорт» сұрыпты алмалары ерекше сұранысқа ие болды.

19-20 қазанда Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының аграршылары астаналықтарға өз өнімдерін ұсынды. Бұл жолы Қарағанды облысының аграршылары 400 тоннаға жуық өнім әкелді, оның жартысы картоп пен көкөністер болса, Солтүстік Қазақстан облысы 735 тоннадан астам тауар әкелді, оның да үштен бірін картоп пен көкөністер құрады. Сондай-ақ сөрелерде ет, сүт өнімдері, жұмыртқа, ұн және шұжық өнімдерінің небір-небір түрлері самсап тұрды. Шығысқазақстандықтар жәрмеңкеге шамамен 70 тонна бал әкелді. Сонымен бірге олар елордалықтарға 40 тоннаға жуық жаңа ет пен құс етін ұсынды.

Қысқасы, биыл елордада ұйымдастырылған күзгі жәрмеңкеге 14 өңірден 70-ке жуық фермер келіп, олар 5 мың тоннадан астам өнім сатты. Әр облыс елордаға өздері өсіретін немесе өндіретін өнімдерін әкелді. Бұл ретте оңтүстік аймақтар бақша дақылдарымен, ал батыс өңірлері балық және солтүстік облыстар ет өнімдерімен танымал екені белгілі.

Жәрмеңкеге келген тұрғындардың бірін тоқтатып, әңгіме тарттық. Шырайлым Балтабекқызы зейнеткер екен. Ол демалыс күндері өзіне қажетті заттарды арзандау бағаға сатып алу үшін осында келетінін айтты.

– Астанада өңірлік жәрмеңкелер жыл сайын өтіп келеді. Күзгі жәрмеңкелер көңілімізден шықты. Барлық азық-түлік өнімін осы жерден сатып алып жүрміз. Мұндағы баға дүкендегіден әлдеқайда арзан. Сол себепті мен жыл сайын ұйымдастырылып жүрген осындай жәрмеңкелерден қалмаймын. Маған тауарларды тікелей шаруалардың қолынан алған ұнайды. Әсіресе кешкі мезгілде еттің бағасы арзандайды. Сондай-ақ бұл жерде сатушылармен саудаласуға болады. Осындай іс-шаралар елордада жиірек өтіп тұрса, қарапайым халыққа қолдау болар еді, – деді қала тұрғыны.

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, аталған жәрмеңкелер өңірлерден келген ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өз өнімдерін делдалсыз, тұтынушыларға тікелей сатуға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде тауарлардың бағасы нарықтағыдан 10-20 пайызға төмен. Сауда-саттықтан басқа, іс-шараға келушілер аймақ әртістерінің қатысуымен өткен концерт бағдарламаларын тамашалады.

ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТ – АДАМГЕРШІЛІК

2011 жылдан бері қарай жыл сайын қазанның соңғы жексенбісінде елімізде Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні аталып өтеді. Биыл бұл мереке 27 қазан күніне тура келді.

Шапағат ӘБДІР

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 35 мың маман бар екен. Ал республика бойынша әлеуметтік қызметкерлер саны 12 704 адамды құрайды, оның 1 251-і үкіметтік емес секторларда жұмыс істейді.

Сондай-ақ Әлеуметтік қызметкерлер әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек және әлеуметтік-медициналық сынды 8 қызмет түрін көрсетеді.

Шын мәнінде әлеуметтік қызметкерлерінің еңбегін бағалау Президентіміз айтқан «Еңбек адамын қадірлеу» саясатынан алшақ кетпейді. Сондықтан біз арнайы аталған мерекеге орай 2017 жылы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі атынан Құрмет грамотасымен, 2021 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің атынан «Қазақстан Тәуелсіздік 30 жыл» мерекелік медалімен наградталған, қазіргі таңда Астана қаласының Қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекемесінде қызмет атқарып жүрген Салтанат Мұқатаевамен әңгімелесіп, жұмысымен танысып қайтқан болатынбыз.

Ең әуелі сөзін Әлеуметтік қызметкер – бұл жай ғана мамандық емес, ол бейжай қарамайтын, жаны ашық және жүрегі мейірімді адамдарға лайықты кәсіп екендігін айтқан Салтанат Арназарқызы аталған мерекені тойлау өзінің шынайы жанашырлығымен қамқорлығының арқасында қарт адамдарға қызмет ететін, мүгедектерге, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға баға жетпес көмек көрсететін барлық адамдарға деген шынайы құрметтің дәлелі екендігін атап өтті.

– Мен 1965 жылы 29 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданы Амангелді ауылында дүниеге келгенмін. Ал 1971 жылы Амангелді орта мектебіне бардым. Сөйтіп, 1980 жылы мектепті үздік тәмамдап, Петропавл қаласындағы Медициналық училищеге «Фельдшер» мамандығына оқуға түстім. 1984 жылы айтылған мамандықты тәмамдап, диплом алдым. Сол жылдың маусым айынан бастап Совет ауданының Лесная поляна ауылының фельдшер-акушер пунктінің меңгерушісі қызметіне тағайындалдым. 1986-1989 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының Астрахан орта мектебінде медбике, 1990-2003 жылдары Совет ауданында лаборант, 2005 жылы Петропавл қаласында №2 қалалық ауруханада лаборант қызметтерін атқардым. Ал 2005 жылдың қазан айынан бастап Астана қаласының «Қарттар мен мүгедектерге арналған» медициналық-әлеуметтік мекемесінде ем-дәм бикесі қызметіне тағайындалдым. Қазіргі таңда сол мекемеде қызмет атқарып жүрмін, – деп өзінің өмірбаяны мен еңбек жолына да тоқталып өткен Салтанат Арназарқызы өзінің қызмет құзырына не жататынын да айтып өтті.

– Менің мұндағы қызмет барысындағы міндетіме нормаларға сәйкес мәзір жасау, азық-түлік салуды бақылау, дайын тағамды бракераждау, азық-түлікті қоймада сақтауды бақылау, келіп түсетін тауарлардың сапасы мен жай-күйі және олардың сертификаттарға сәйкестігі, азық-түлік блогының санитарлық жағдайын бақылау кіреді. Бірақ ең бастысы, менің міндетім – біздің қызмет алушыларымызды дәмді тамақтандыру, өйткені егде жастағы адамдарға арналған тағам пайдалы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі болуы керек. Қазіргі таңда біздің мекемеде 341 адам қызмет тұтынады, оның ішіне қарттар мен мүгедектер кіреді. Егде жастағы адамдардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мәзір жалпы типтегі интернат үшін 15 үстел және қант диабетімен ауыратын адамдар үшін 9 үстел дайындалады. Дұрыс және пайдалы тамақтануда барлық қажетті нормаларға және ережелерге қатаң сәйкес ұстанамыз, бірақ біздің қызмет алушыларға ең маңыздысы – біздің адамгершілігіміз, – дейді Салтанат Мұқатаева.

Жалпы Әлеуметтік қызметкер болу жанашырлық, психологиялық төзімділік пен шыдамдылықты қажет етеді. Себебі бөгде адамның бабын табу оңай емес екендігі бәрімізге белгілі. Сондықтан бұл салада қызмет атқарып жүрген адамдардың еңбегі қашанда мақтауға да, марапаттауға да лайықты.

ҚЫЗМЕТІМІЗ – ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТУ

Елімізде жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісінде Әлеуметтік қызметкерлер күні атап өтіледі. Бұл салада жалғызбасты қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көмектесіп, өз ісін абыроймен атқаратын жандар еңбек етеді.

Біздің кейіпкеріміз Саягүл Садырова – «Шарапат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман болып жұмыс істейді. Ол бұл қызметпен он үш жыл бұрын танысқан. Содан бері орталықтағы жалғызілікті зейнеткерлерге және мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық жасап келеді.

«Менің негізгі мамандығым – мұғалім. Қарағанды облысы Нұра ауданында 4 жыл математикадан сабақ бердім. Кейін Астанаға көшіп келдік. Міне, қазір 13 жыл осы мекемеде жұмыс істеп келемін. Біздің орталықта жеті әлеуметтік қызмет түрі ұсынылады. Оған медициналық, психологиялық, тұрмыстық, құқықтық, экономикалық, еңбек және мәдени қызмет түрлері кіреді. Әлеуметтік қызметкерлер осы қызмет түрлерін үйлестіріп, олардың сапалы атқарылуына мән береді» дейді Саягүл Садырова.

«Шарапат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 345 қызмет алушы бар. Оларға тұрақты түрде әлеуметтік қызмет түрлері көрсетіледі. Әр қызметкер 50 адамды қамқорлығына алады екен.

43 жастағы әлеуметтік қызметкер қамқорлығындағы ата-әжелердің әңгімелерін тыңдап, қажет тұста қолдау білдіретінін жасырмады.

«Басында бұл жерде жұмыс істеу эмоционалды жағынан қиындау болды. Өйткені бұған дейін кәрілік жеңіп, жақындарының көмегіне зәру жандардың шарасыздығын жиі көре бермейтінмін. Олардың тағдыр жолымен танысып, әрқайсысымен тілдесу жолын таптым. Қазір менің бақылауымда 50 қызмет алушы бар. Олардың түрлі әлеуметтік қызмет алуын ғана емес, көңіл күйі, басқа қызмет алушылармен жақсы қарым-қатынаста болуын қадағалаймыз. Қарттар біздің орталықта жайлы өмір сүруі үшін әрқашан олармен тілдесіп тұрамыз» дейді әлеуметтік қызметкер.

Кейіпкеріміз қарттардың жақындарымен де тығыз байланысты. Оларға қызмет алушының жалпы жағдайы туралы хабарлап отырады.

«Біздің күнделікті жұмыс күніміз әр қызмет алушының бөлмесіне барып, тілдесуден басталады. Олардың жағдайын сұрап, қандай да бір мазалаған сұрақтары болса, сол жерде шешуге тырысамыз. Медбикелер қашан да олардың денсаулығын тексеріп тұрады. Бізде күнделікті күн тәртібі бар. Сол кесте бойынша олар уақтылы тамақтанып, әртүрлі қызмет түрлерін алады. Егер қызмет алушы жақындарының үйіне баратын болса, оған өтініш жазуға көмектесеміз. Орталықта болмаса да, ол кісімен байланыста боламыз. Жақындарына хат жазатын адамдар болады. Ол кезде де хат жазуға көмектесіп, өзіміз «Қазпоштаға» апарып береміз. Қажет болған жағдайда емханаға апарып, тіпті концерт көруге де бірге барамыз» дейді Саягүл Садырова.

Әлеуметтік орталықта әр мереке ерекше аталып өтіледі. Әлеуметтік қызметкерлер қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың ықыласына қарап тақпақ беріп, концерттерде белсенді болуға шақырады.

«Бізде әр қызмет алушының жеке жұмыс жоспары жасалады. Онда оның денсаулық жағдайы, әрі қарай дәрігер мен психолог маманның нұсқамасы беріледі. Сосын әр тоқсан сайын оның жағдайы бағаланады. Біздің мекемеде әр мереке ерекше тойланады. Қызмет алушылардың жасы келген болса да, оларды белсенді болуға шақырамыз. Ән айтып, қолөнер жасау керек болса оны да жасап, бірге тақпақ жаттап белсенділік танытамыз. Наурыз мейрамында қазақтың ұлттық дәстүрін көрсетсек, күзгі балда осы мезгілдің ерекшелігін көрсететін концерттік бағдарламалар жасаймыз. Қалада өтетін концерттерге де бірге барып жүрміз, – дейді әлеуметтік қызметкер.

Орталықтағы әлеуметтік қызметкерлер әрқашан білікті-ліктерін арттырып отырады. Саягүл Садырова да осы уақытқа дейін 10-нан аса біліктілікті арттыру курстарына қатысқан.

«Жалғызбасты қарттарды қадірлеу – парызымыз. Жасы келіп, көмекке мұқтаж кезде жақындары болғаны жақсы ғой. Өкінішке қарай, орталыққа келіп, әлеуметтік қызмет алушылар саны артты. Сәйкесінше, әлеуметтік қызметкерлер саны да артты. Қазір өзім сияқты қызмет атқаратын 6 әріптесім бар. Қарап отырсақ, әлеуметтік қызметкердің жұмысы мұғалімдікіне ұқсас. Тек қызмет алушылардың жасы үлкен, біз олардың әлеуметтік белсенді болуына, өзге де қарттармен байланыс орнатып, орталықта жайлы өмір сүруі үшін тырысып келеміз» дейді кейіпкеріміз.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ШЕШЕНДІК ӨНЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Республика күніне орай «Шешендік өнер – рухани асыл қазынамыз» тақырыбында қалалық шешендік өнер сайысы өтті. Жоба авторы – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, «Руханият» мекемесінің идеология және жобаларды жүзеге асыру бөлімінің басшысы Серік Рысбекұлы.

Сайысқа Астана қаласы Байқоңыр ауданының жалпы білім беретін орта мектептері, гимназия, лицей оқушылары қатысты. Жас өрендер ата-баба тарихына терең бойлап, халық жадында мәңгілікке өздерінің ұрпақтан ұрпаққа өлмейтін, өшпейтін құнды сөздерін қалдырған би-шешендердің мұрасын дәріптеп, олардың керемет ой-толғамдарын қалың көрерменге жеткізді.

Жеткіншектердің өнер додасында қазылар алқасына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов төрағалық етті. Құрамында белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нұрлан Қалқа, дәстүрлі әнші, жыршы-термеші Мақсат Бауыржанұлы болды.

Бас жүлде М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының оқушысы Аружан Бақытжановаға бұйырса, 1-орынды А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының оқушысы Әсемай Алимжон мен Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының оқушысы Қалдыбай Нұрғиса, 2-орынды №8 мектеп лицейінің оқушысы Рысжан Утеуова мен Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінің оқушысы Берікқан Ерасыл иемденді. 3-орын №10 мектеп-гимназиясының оқушысы Асыл Байжанова мен Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейінің оқушысы Нұртілеу Бектұрғановтың қанжығасына байланды. Аятолла Ертуған, Кемелғазы Балғынбек, Абылдабек Оспан, Мұхаметәлі Қалжан Әйтеке би, Ақтайлақ би, Жанқұтты шешен атындағы арнайы жүлделермен марапатталды.

Айжан СЕРІККҚЫЗЫ, Астана қаласы әкімдігі «Руханият» мемлекеттік мекемесі баспасөз қызметінің жетекшісі

№129 (4717) 29/10/2024 Сейсенбі

ЖАҢАРҒАН ДЕПОНЫҢ ЖҰМЫСЫ ОҢДЫ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен бұрын Заречный тұрғын алабында орналасқан №23 өрт сөндіру бөлімі енді Қордай көшесі, 95 мекенжайдағы жаңа ғимаратқа көшірілді. Елорданың өрт қауіпсіздігіне қосар үлесі зор мекеменің тек ғимараты ғана емес, ішіндегі жабдықтары да жаңарып, жұмыс тиімділігі артып отыр.

Бөлімнің қарамағында 4 жаңа көлік бар, оның үшеуі – негізгі, біреуі – арнайы техника. Жеке құрам барлығы 50 қызметкерден тұрады, ауысымдық жұмыста олар кез келген уақытта шұғыл оқиға бола қалса, көмекке келуге сақадай сай дайын болады. Мекеменің қызмет көрсету аумағы – Алматы ауданы. Жалпы қалада өрт сөндірумен айналысатын тағы үш бөлім бар.

– Өрт сөндіру бөлімі заманауи жабдықтарға қол жеткізді. Мәселен, автоцистернаға 5 тонна су мен 300 литр көбік сыяды. Техникалық жабдықтардың ішінде 9 қабатты тұрғын үймен бірдей, яғни 32 метр биіктікке дейін жететін автосаты да бар. Бұл сатылар биікте арнайы жұмыстарды жүргізуге, сонымен қатар биік ғимараттардағы өртті сөндіруге қажет, – дейді аталған өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары Манас Қадырбаев.

Өрт сөндіру үшін бұлар аздық етеді, сондықтан депоның одан басқа да қосалқы құрал-саймандары жетерлік. Ұзындығы 10,7 метрлік үш иінді саты, зембілдерді жоғары көтеретін, әрі есіктерді бұзып ашатын, балконға көтерілуге арналған жабдықтар, бөрене-арқалықтар та солардың қатарында. Оған қоса автоцистерна бортында тыныс алу аппараттары бар. Бөлім қызметкерінің айтуынша, заманауи автоцистерна секундына 60 литр су шығаратын қуатты сорғыға ие. Су құйылған резервуар тез таусылатынына қарамастан бұл сорғы өртпен тиімді күресуге септік етеді.

– Жеңіл өртті сөндіруде 5 тонна су шамамен 5 минутқа жетеді, бұл өрт сөндіру гидранттарынан цистернаға жылдам су толтырып отыруды қажет етеді, – дейді бөлім өкілі.

Әңгіме барысында бөлім бастығының орынбасары өрттің алдын алуда профилактикалық шаралардың маңыздылығын атап өтіп, азаматтарға бірқатар кеңес берді. Олар қарапайым болса да өте керек:

– электр құралдарын қараусыз қалдырмаңыз, розеткалар мен тоқ желісін ұзартқыштардың жарамдылығын жиі тексеріп, пайдаланбайтын болсаңыз құрылғыларды тоқ көзінен айырып қойыңыз;

– жылу жүйелерінің жағдайына жіті назар аударыңыз: жылу маусымы басталар алдында қазандықтар мен пештердің жағдайын тексеріңіз, түтін шығатын жолдарын тазалап, қолдан жасалған жылыту пештерін қолданудан аулақ болыңыз;

– балаларыңызды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретіңіз, оларға өрт шықса не істеу керектігін, өрт сөндіргішті қалай дұрыс қолдануға болатынын үйретіп, мұндай шұғыл оқиға кезінде үрейленіп, абыржымау қажет екенін түсіндіріңіз;

> Өрт сөндіруші болып жұмысқа орналасу үшін арнайы білім қажет емес. Бастысы, 18 жастан жоғары болып, медициналық комиссия тексеруін қоса алғанда конкурстық іріктеуден өтсе болды

– электр сымдары жүйесін ұдайы тексеріп, электр тізбегіне жүктеме түсуінен сақтаныңыз және бір жері бүлінген электр сымдарын қолданбаңыз;

– эвакуациялауға жоспар дайындап қойыңыз: отбасындағы барлық адамдар өрт шыға қалған жағдайда жылдам және қауіпсіз түрде үйден қалай шығып кетуді білетіндігіне көз жеткізіңіз.

Алдын алу шаралары аясында қалада мамандар аудандар тұрғындарымен жиі кездесіп, олардың үйін тексеріп тұрады, әсіресе, жылыту маусымы қарсаңында кез келген олқылықтың алдын алу үшін бұл тексеріс жиілей түседі. Сонымен қатар өрт бола қалған жағдайда өрт сөндіргішті қолдана білу және бастапқы кезде қалай әрекет ету керектігі және басқа да жайттар туралы балаларды оқыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Тағы бір жағымды жаңалық – қызметкерлер үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалғандығы. Бөлім ғимараты аумағында 11 отбасыға арналған жайлы жатақхана бар, онда жатын, демалыс бөлмесі, асханасы және дәлізі қарастырылған. Аулада тіпті балалар алаңы да салынған.

Өрт сөндіруші болып жұмысқа орналасу үшін арнайы білім қажет емес. Бастысы, 18 жастан жоғары болып, медициналық комиссия тексеруін қоса алғанда конкурстық іріктеуден өтсе болды. Іріктеудің барлық кезеңдерінен сәтті өткен үміткерлер оқуға жіберіледі. Оқу кезінде кәсіптің негіздері үйретіліп, сосын жұмысқа кірісе беруге рұқсат етіледі. Әскери қызмет өрт сөндіру бөліміне жұмысқа тұруға талап етілмейді. Тіпті әскери борышын өтемегендер де команданың бір бөлшегі бола алады. Мектепте 9-сыныптан кейін де өз қалауымен өрт сөндіруші боламын деген жастар да жұмысқа тұра алады, бастысы, тілегі мен барлық қажетті сынақтардан өтуге қабілеті болса жеткілікті, – дейді М.Қадырбаев.

Офицерлік қызметке өту үшін жоғары техникалық білім қажет етіледі. Жас мамандар жұмысын өрт сөндіруші немесе өрт сөндіру көлігінің жүргізушісі ретінде бастайды. Көлік жүргізуші болып жұмысқа орналасу үшін ВСС санатына сәйкес келетін көлік жүргізу куәлігіне ие болуы керек.

Екатерина ТЫЩЕНКО,
Райхан РАХМЕТОВА

БАТЫРЛАР ЖҮР АРАМЫЗДА

Елордада төтенше жағдай бола қалса зардап шеккендерді құтқаруға келетін мамандық иелері көп. Солардың бірі – Астана қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушысы – Жалғас Данай. Ол өзінің қауіпті де маңызды қызметі туралы бастан кешкен оқиғалары арқылы сипаттап, айтып берді.

2017 жылы Түркістаннан Астанаға көшіп келген Жалғастың еңбек кітапшасында «құтқарушы-сүңгуір» деген жазба пайда болды. Дегенмен алдымен ол кәсіптің қыр-сырын меңгеру үшін үш айлық тәжірибеден өтті. Сол аралықтағы әр күні адамдарды тек суда ғана емес таулы жерлерде де қауіптен құтқару әдістерін меңгеру, алғашқы көмек беру машықтары бойынша аттестациядан өту, теория мен практикалық сабақтарға толы болды.

– Бізді адамдарды тек суда ғана емес, сонымен қатар тауда және жол-көлік оқиғасы кезінде құтқаруға үйретті. Біздің міндетіміз – адам өміріне қауіп төнген кез келген жағдайда оларға көмектесе білу, – дейді Ж.Данай.

Жалғас пен оның командасы дүлей апаттармен байланысты шақыртуларға жиі барады. Солардың ішінде есте қалғаны 2018 жылы Есіл өзеніне қорғансыз баланың құлап кеткен сәті болды.

– Қасында ата-анасы болмады, жалғыз жүрді. Оны судан алып шығып, құтқарған кездегі жанарын көрсеңіз. Қорқыныш, үрей, қуаныш, алғыс бәрі бір мезгілде оның көзінде тұрды. Сондай сәттерде басқалардың өмірі үшін қаншалықты жауапты екеніңді қатты сезінесің, – дейді кейіпкеріміз.

Кейде тіпті ағаштың басынан немесе құдықтан жануарларды, мысықтар мен иттерді алып шығу, түсу бойынша да шақыртулар келеді екен.

– Күн сайын кем дегенде сондай 2-3 шақырту болады, біз оларды да қауіпті жағдай ретінде қабылдап, шақыртуға міндетті түрде барамыз, – дейді құтқарушы.

Тапсырмаларды орындауға жиі шыға отырып, ол және оның әріптестері тұрмыстық жанжалдар мен өзіне қол салу оқиғалары кезінде де адамдарды ойланбай әрекет етуден бас тартуға үгіттеп, оларды райынан қайтару үшін келіссөздер жүргізуге мәжбүр болады.

– Дене тұрқы жағынан төзімділік пен адамдарды құтқаруға және туындаған мәселелерге орай жылдам әрекет ете білу қабілеті – біздің кәсібіміз бойынша ең басты машықтар, – деп атап өтті Жалғас.

Жыл сайын құтқарушылар кез келген шақыртуға дайын болу және біліктілігін дәлелдеу үшін аттестациядан өтіп отырады. Бұл жұмыс сонымен қатар техникалық қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды талап етеді.

– Әр адам қауіпті жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуі керек. Мәселен, суға батып бара жатқан адамды көрсеңіз, бірден оны құтқару үшін суға қарай жүгірмеңіз. Алдымен басқа адамдарды көмекке шақырыңыз, сосын қиын жағдайға тап болған адамға батпайтын бір зат лақтырыңыз, – дейді өз саласының маманы.

Жалғастың есінде мәңгілікке қалған тағы бір оқиға жазда болды. Төтенше жағдай кезінде балаларды үрленген шеңбермен бірге үлкен өзеннің ортасына қарай жел ұшырып бара жатты.

– Біз оларды бір жарым сағат іздеуден кейін тауып, құтқардық. Бұл да бір менің өмірімдегі қатты қарбаласқа толы секундтар, минуттар, сағаттармен есте қалған оқиға болды. Бізді ел сол үшін де құрметтейді, алғысын жаудырады, жұмысымыз туралы жақсы пікірлер көп. Сондықтан өз қызметімімен мақтанамын. Себебі адамдарға кез келген жағдайда үміт пен сенім сыйлаймыз, оларға барлық қиын сәтте көмек қолын созуға, бірден жәрдемдесуге дайынбыз, – дейді бүгінгінің батыры.

Екатерина ТЫЩЕНКО,
Райхан РАХМЕТОВА

Екінші дүниежүзілік соғыста ерліктің ерен үлгісін көрсеткен ерлеріміз аз емес. Бірақ фашизмнің ордасы Рейхстагқа жеңіс жалауын қадаған Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерлігінің теңдесі жоқ! 1948 күнге созылған қырғын соғыстың аяқталар тұсында, яғни неміс басқыншыларын Берлинге дейін өкшелей қуып, өз ордасында талқандау кезінде жаралы арыстандай арпалысқан жау әскерлері қатты қарсылық көрсетіп бақты. Әрбір көше, әрбір үйге бекініп алған олар соңғы күштерін жинап, өліспей беріспеуге бекінген сыңайлы. Бірақ бейбіт жатқан еліміздің тыныштығын бұзып тұтқиылдан соғыс бастаған Герман фашизміне деген өшпенділігі мен соғыс құрбандарының кегін қайтаруға бекінген Кеңес әскерлері улы жылан ордасы Рейхстагты тізе бүктіру үшін жан аямай шайқасты.

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ЕРЛІК

1945 жылдың 30 сәуірі, оқ қарша борап тұр. «Гиммлер үйінен» Рейхстагқа дейінгі аралық бар-жоғы 350 метрдей ғана. Қол созымдай жер, бірақ тым алыс сияқты еді. Қиянкесті ұрыс аралығында батальон командирі лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатовқа Рейхстагқа жеңіс туын қадауға тапсырма береді. Өте қатерлі де жауапты міндет.

ЖЕҢІС ТУЫН ТІККЕН

Тәуекел! Бұйрық талқыланбайды, орындалады! Олар қаншама қиындықтармен қарыс жерді 7 сағат жербауырлап еңбектеп, мың өліп, мың тіріліп ғимаратқа жетіп жеңіс жалауын тігеді. Уралап ұрандаған дауыстан құлақ тұнады. Жеңіс жалауының желбіреуі жауынгерлердің рухын көтеріп, жаппай шабуылға шығады.

Сол күні Рейхстагтың әр қабатында қызыл тулар тігілгенімен, алғашқы болып Рейхстагтың ұшар басына ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерлігі бәрінен асқақ, бәрінен биік еді. Бірақ тоңмойын кеңестік жүйе бұратана халық өкілдеріне мұндай ерлікті қимады. Олардан кейін ту қадаған орыс пен грузин халқының өкілдерін бірінші орынға қойып, «Совет Одағы Батыры» атағын берді. Бұл, әрине, үлкен қиянат еді. Кейін Қазақстан басшылары бірнеше мәрте бұрмаланған шындықты қалпына келтіріп, Рақымжан Қошқарбаевқа Батыр атағын сұрағанда шовинистер «Тарихты қайта қарап қайтеміз» деп қысқа жауап беріпті.

Әлемге аты әйгілі батыр ағамыздың туған жері – Ақмола облысы Тайтөбе ауылы. Ата-анасынан ерте айырылған бала Рақымжан Тайтөбедегі интернатта оқып, тәрбиеленді. Мектептен кейін Балхаш қаласындағы фабрика-завод училищесінде оқып, мамандық алып, туған ауылына келіп еңбекке араласады. 1941 жылы соғыс басталғанда бірден майданға сұранып, өтініш жазады. Бірақ жасы 16-да ғана болғандықтан, ол Фрунзе қаласындағы әскери училищеде қысқа мерзімді оқу-жаттығудан өтеді. Оны 1-Беларусь майданына жібереді. Талай қиянкесті ұрыстарға қатысып, Берлинге дейін жетеді. Отқа түсіп жанып, суға түсіп қайнап, толарсақтан қан кешкен майдан даласындағы қырғынды бастан кешірген ержүрек жауынгер Рақымжан Рейхстагқа жеңіс жалауын тігумен соғыс жолын абыроймен аяқтайды.

Небәрі 21 жасында кеудесін оққа төсеп, көзсіз ерлік жасаған даңқты ағамыздың лайықты бағасы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана берілді. Ел Президентінің Жарлығымен 1999 «Халық қаһарманы» атағы беріліп, әділдік салтанат құрды. Бұл күндері Астана қаласында еңселі ескерткіш орнатылып, көше аты берілді. № 44 мектеп батыр атымен аталады. Сондай-ақ еліміздің басқа да қалаларында Р.Қошқарбаев атындағы көше, мектептер бар. Жас жеткіншектерді отансүйгіштікке, патриотизмге баулуда әскери оқу орындары мен мектептерде үнемі тағылымды іс-шаралар өткізіліп тұрады. Қаншама кітап, мемуарлар, естелік фото-альбомдар, методикалық әдістемелік оқулықтар жазылды.

Жазушы, зерттеуші Болат Кәрішалұлы Асанов талмай ізденіп жүріп Рейхстагқа ең бірінші болып Жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов екенін дәлелдеп шықты. 2005 жыл Ресей Президенті В.В.Путинге хат жолдап, оған Путин тарихи шындықты мойындап, қолдайтынын айтып жауап жіберген. Бұл – үлкен жетістік.

Болат Асановтың «Жеңіс туы. Кешіккен шындық» деген атпен кітап шығарғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл туралы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған «Достық» үйінде өткен конференцияда автордың өзі Алматыдан арнайы келіп қатысып, баяндап берді. Аз ғана тиражбен шыққан бұл кітап маңызды тарихи құжат болып саналады, сондықтан оны қайтадан бастырып білім беру орындары мен әскери-патриоттық тәрбие беретін мекемелерге тарату керек, – деп Еуразия ұлттық университетінің профессоры, осы университет ардагерлер ұйымының төрайымы Күлзира Идирисовна Искакова ұсыныс білдірді.

Алдымыздағы жылда Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл болмақ. Соған орай соғыс батырлары мен құрбандарын мәңгілік есте қалдыру мақсатында ауқымды шара өткізіледі. Оған дайындық қазірден бастап ойластырылуда. «Даңқ» орденінің толық кавалері, жерлесіміз А.Сембиновке есерткіш қоюды қарастырып отырмыз, – деді қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Сейтжанұлы Есілов.

Тау шөгіп, таусылмайды дариялар, ел барда ердің ісін тани алар, – демекші, халқымыз елі үшін, Отан үшін құрбан болған ерлерін ешқашан ұмытпақ емес. Олар мәңгі жасайды!

ЕСТЕН КЕТПЕС КЕЗДЕСУ

Аты аңызға айналған батыр ағамызбен сәті түсіп кездескенімді айтсам біреу сеніп, біреу сенбес. Бірақ бұл шындық. 1979 жылдар болар шамасы, Семейден іссапармен Алматыға келдім. Мақсатым – Бүкілодақ Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағын алған Баян Сағынбаева туралы фильм-концерт жасау. Хабардың редакторы – авторы ретінде келісілген уақытта студияға баруға көлік тосып тұр едім, атақты айтулы әнші Жәнібек Кәрменов кездесе кетті. Жәнібек Семейдің Абай ауданының тумасы, Баянмен мектепте бірге оқыған. Біздің келген жұмысымызды білген соң біраз ақыл-кеңестерін беріп, ертең кездесеміз деп кетіп қалды. Ертеңінде «Жүріңдер, қыздар, мен сендерді түскі асқа апарайын» деп жарқылдап кіріп келді. Біз де тез жиналып, соңынан ердік. Ол бізді дәмханаға емес, Ленин көшесіндегі (қазір Достық даңғылы деп аталады) бір үйге алып келді. Үйге кіріп, қонақ бөлмесіне өткенде қабырғада ілулі тұрған үлкен суретке көзім бірден түсті. Атақты ұшқыш, Совет Одағының Батыры, екі аяғы жоқ А.Маресьев пен Рақымжан Қошқарбаевтың суреті. Таңданып қарай бергенімде жылы жүзді, орта бойдан жоғары, тығыз денелі, көзі нұрлы орта жастан асқан аға «Қыздар, қош келдіңдер, төрлетіңдер!» деп ілтипат білдіріп бәйек болды.

Мен Рақымжан ағаларың боламын, мына Жәнібек менің інім, одан да жақын, балам! – деп Жәнібекті қапсыра құшақтап жатты.

Бұрын суреттерден ғана көрген атақ-даңқы жер жаратын Рақымжан ағаның үйіне келгенімізге сенер-сенбесімізді білмей, бір жағынан абдырап, қысылып тұрмыз.

Бізден басқа ерлі-зайыпты екі адам болды. Екеуі де дәрігер екен. Ерінің атын ұмыттым, әйелінің аты – Баян. Өз саласының білікті мамандары деп ол адамдар жайлы мейірлене баяндады.

Ағамыз өнер десе ішкен асын жерге қояды екен. Әсіресе халық әндеріне деген ықыласы бөлек. Әр әннің тарихын да сөздерін де біліп, әңгімелеп отырды. Қазақ өнерінің нағыз жарық жұлдызы Жүсіпбек Елебековтың шәкірті теңдесі жоқ әнші, көсем сөз шебері, жазушы, ел мақтанышы Жәнібек Кәрменовтың басынан құс ұшырмай мақтап, дәріптеп, барлық ниетін төгіп елжіреп отырғаны қандай керемет, шынайы десеңізші.

Жәнібек бірнеше ән салды. Тойда отырғандай әсердеміз. «Ал қызым, сен туралы көп естідім. Абай елінің қызы екенсің. Ұлылардың ізі қалған жерден талант шықпай тұра ма, Москвадан үлкен сыйлық алып келіпсің, құтты болсын! Жәнібектің досы, құрдасы болсаң, менің де аяулы қарындасымсың, қысылма қарағым» деп Баянның ән салуын өтінді. 16 жасында Кремль сахнасында «Қаракөзді» ойнап, өнер көгінде жарқ еткен Баян бұл кезде танымал әнші екенін дәлелдеп, сыңғырлатып бірнеше ән орындады. Еліктің лағындай сұйкімді Баян ән салғанда тіпті сұлулана кететін. Өнер мен сұлулыққа жаны құмар ағамыз небір әдемі мадақтар айтып, бәрімізді желпіндіріп жіберді.

Алғашқыдай емес, бойымыз үйрене бастады. Әңгіме, небір естеліктер айтылды. Әрине, өнер, музыка жайында. Мен журналистік қызығушылық әдетпен:

– Аға, Сіз Рейхстагқа ту тіккенде неше жаста едіңіз? – деп еркімнен тыс сұрақ беріп қалдым.

– 21-ге таяп қалып едім, – деді аға бірден ойлы қалпына түсіп.

Тағы да тыныш отырмай:

– Оқ пен оттың арасына кіргенде қорықпадыңыз ба? – дедім.

– Қорықтым. Ажалдан қорықпайтын адам болмайды. Бірақ жан тәтті болғанмен бұйрық қатты еді, соны орындау керек деген борыш болды. Жер бауырлап жатқанда маңдайымызға кірпіш қойдық, оқ тисе тесіп өтпесін деп, ол да далбаса бір әрекет қой, қарағым. Ажалымыз жоқ. Сондықтан бұйрық орындалып, Жеңістің туы желбіреді! Осылай, қарағым! Негізі мен соғыс тақырыбында айта бермеуші едім. Айтпайтынды айтқызыңдар, Жәнібектің досы мен жеңгесі, – деп рахаттана күлді.

Ертеңінде «Гүлдердің» гүлі болған Қапаш Құлышеваны алып, ағаның саяжайына бармақ болып тарқастық. Бірақ мен ол отырысқа өкінішке қарай, съемка болып бара алмадым. Барып, қатысып келген Баян аузын ашып, көзін жұмып, таң-тамаша болып келді. Саяжайға Қапаш екі баласымен келді, олар аталап, ағаның жанынан қалмайды екен, керемет, мен мынадай өнерге табынған фанатты бұрын-соңды көрмеппін, – деп ағаның адамгершілігі мен кісілігін айтып тауыса алмады.

Айтсам баға жетпес, мәңгі естен кетпес, қазақтың төлқұжаты саналатын, ғасырда бір туатын, ұлт батыры, қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевпен кездесіп, үйінен дәм татып, дастарқандас болғанымды ойласам, жанымма маздаған жылу келеді. Ол – тағдыр сыйы. Ол – менің маңдайыма бұйырған журналистік саладағы бақытым. Сексенге толған жасымда жалған сөйлесем арыма сын. Бұл болған оқиға. Ақиқат!

Батырдың 100 жылдығына орай өткізілген конференцияда игі жақсылар мен ұлт зиялыларының естелігін тыңдағаннан кейін мен де осы бір естелікті айтқанды жөн көрдім.

Қарлығаш ҚҰСПАНОВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ТІЛСІЗ ЖАУДЫ ТІЗГІНДЕГЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өрт – жиі болатын құбылыс. Бүкіл әлемде өрт болып жатыр. Онымен күресе білу керек» деп қадап айтқан болатын. Сондықтан өрттің болуы емес, оның қайталануы қауіпті екенін білгеніміз абзал.

Шапағат ӘБДІР

Әрине, қазіргі таңда Төтенше жағдайлар қызметкерлері барынша ондай жағдайлардың орын алмауы үшін барын салып жатыр. Әрі өрт кезінде алғы шепте жүрген оғлан ұлдарымыз да аз емес. Соның бірі – Астанадағы «Өрт сөндіру және Авариялық құтқару жұмыстары» республикалық мемлекеттік мекемесі, 8-өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау капитаны Сеилбек Рахметов.

Сеилбек Абушахманұлы азаматтық қорғау органдарында 1999 жылдың сәуір айынан бастап қызмет етіп келеді. Сондай-ақ ол – жоғарыда біз атап өткен 2022 жылғы Қостанай облысы Бағаналы, Аманқарағай, Әулиекөл ауылдық округтерінде орын алған өртті сөндіруге белсенді қатысқан өрт жауынгерінің бірі.

– Осы өрт сөндіру саласында қызмет етіп жүргеніме 25 жылға жуықтады. Осы аралықта тәжірибе де жинадым, өзіме қажетті білімдерімді де толықтырдым әрі білгенімді қасымдағыларға да үйретуге тырыстым. Мен өз кәсібімді жақсы көремін. Әрі осы мамандығым қанша қиындығы болса да мен сол арқылы халқыма қызмет етіп жатырмын деп түсінемін, – дейді кейіпкеріміз.

Сонымен қатар С.Рахметов өрт сөндіру кезінде ең қиыны адам өліміне куә болу екенін айтады.

– Әрине, адам өмірі қашанда қымбат. Ал сен басыңды қатерге тігіп бір адамның өмірін алып қалсаң, онда ол – ерлік деп бағалауға тұрарлық іс. Біз кейде құтқару жұмыстарын жүргізген кезде де өртеніп жатқан аумақтан адамдарды құтқаруға барымызды саламыз. Сол кезде өзімнің бала-шағам мен отбасым бар екенін де ұмытып кетемін. Өйткені ол кезде бар ойым – адамдарды құтқару, өртті сөндіру ғана болап тұрады. Ал адамға ең ауыр тиетіні сол сен құтқаруға барып құтқара алмай қалған адамдарды көру деген болар едім. Сондықтан Төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жұмысы тек ғана адамға физикалық тұрғыда қысым түсірмейді, ол жұмыс барысында адам психологиялық тұрғыда да өзін жақсы ұстап, тез шешім қабылдай алатын болуы керек. Өйткені өрт кезінде адам өмірін құтқару бәрінен маңызды. Әрі өзіне де төнетін қауіп-қатерлерден сақтана білуің керек, – дейді ол.

Иә, біреудің өмірі үшін өз өмірін бәйгеге тіге алатын, жалындаған қызыл отқа да тайсалмай кіре алатын өрт сөндіру қызметкерлерінің еңбегі қашанда бағалануы тиіс.

Олар қандай құрметке болса да лайықты екені анық.

Біз жазып отырған Азаматтық қорғау капитаны Сеилбек Рахметов өз қызметіне ғана адал емес, ол айналасындағы адамдарға да мейірмен қарайтын қызмет барысында бөлімнің қоғамдық және спорттық өміріне белсенді қатысатын азамат екенін айтады жолдастары.

Ал Сеилбек Абушахманұлы ендігі арманы өз қызметінен абыроймен еңбек демалысына шығып, болашақта төрт баласының да елге қызмет ететін азамат болғанын көру екенін айтып, сөзін түйіндеді.

№129 (4717) 29/10/2024 Сейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

АЙБЕРГЕНОВ МЕКТЕБІНДЕГІ МЕРЕЙЛІ КҮН

Биыл елордамыздағы Алаштың ақиық ақыны Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектепке 45 жыл толды. Айтулы датаға білім ұясының ұжымы, мұғалімдері мен оқушылары зор шығармашылық жетістіктермен, жағымды жаңалықтармен жетті. Жуырда мектепте екі күнге созылған «Мектебім – шамшырағым» атты мерекелік іс-шараларға куә болдық.

45 жылда бұл мекеменің технология мен инновацияның көшіне ілескен, заманауи білім беру мен шәкірт тербиелеудің озық үлгісін ұстанған, рухани шығармашылық жетілуді әр баланың санасына сіңірудің бірегей тәсілін тапқан, бірлігі мен берекесі бір арнаға тоғысқан ізгілік әлеміне айналғанын көзімізбен көрдік. Қазақтың қайраткер қызы, Желтоқсан қаһарманы Сәуле Әзімханова басқаратын ұжым мерейлі мерекенің әр күні, әр сәті есте қаларлықтай шуақты болуы үшін әрбір рәсімге асқан ұқыптылықпен және зор жауапкершілікпен дайындалыпты. Енді осыларды рет-ретімен баяндалық.

ҚОНАЕВ АШҚАН МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙ

Білім ордасы 1979 жылы 31 тамызда ашылған. Салтанатты рәсімге сол кездегі Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхамед Қонаев арнайы келіп қатысып, мектеп ғимаратын аралаған. Айтпақшы, мерейлі датаның қарсаңында көп жылдар бұрын мектепте түсірілген тарихи суреттер табылыпты. Арнайы альбомдар жасалып, әр жылдарда бітірген түлектердің суреттері ретімен ұқыптылықпен жапсырылғанын музейге саяхат жасағанда көрдік. Мектеп директорының орынбасары, Т.Айбергенов мемориалдық музейінің жетекшісі Гауһар Жүсіпова жиналған жұртқа музейдегі жәдігерлер туралы мол мағлұмат берді. Алқалаған қауым ақынның отбасылық сағатына, қолданған ыдыстары мен қырыну құралына, өз қолымен жазған шығармалары мен кітаптарына, ақынның анасы Жібекке арналған стендке ерекше қызығушылық танытты.

2001 жылы Астана қаласы әкімшілігінің шешімімен №16 орта мектепке көрнекті ақын Төлеген Айбергеновтің есімі берілді. Ал музей 2007 жылы 23 желтоқсанда ашылған. Оның негізін қалап, ашылуына бастамашы болған есімі елге мәлім ұстаз, жазушы, композитор, қоғам қайраткері Ерсайын Нарымбаев екенін біреу білсе, біреу білмейді. 2002 жылы наурызда Төлеген Айбергеновтің туған күніне арналған кездесуге ақынның жары Үрниса апай, қыздары Салтанат пен Айнар, ақын Фариза Оңғарсынова және Ерсайын Нарымбаев қатысады. Салтанатты жиында мектептегі ақынның мүсінінің артында жұпыны жасалған өмірбаяндық стендке жұрттың назары ауғанда Үрниса апай алдағы уақытта музей ашу ойларында бар екенін айтып, сол жұмысты Е.Нарымбаевқа қолға алуды сұрайды. Көп ұзамай жұмыс тобы құрылып, оның құрамына Айнар Айбергенова, сол кездегі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ақбота Есаматова және т.б. адамдар кіріп, жәдігерлер мен материалдар жинауға кіріседі. Айнар Төлегенқызы мен Ақбота Бақытқызы музейге керекті материалдарды жинастыру үшін Алматы, Шымкент, Сарыағаш, Ташкент қалаларына барып, көптеген ақын-жазушылармен кезедеседі. Музейдің ашылу рәсіміне Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Шаханов сияқты белгілі тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен депутаттар қатысқан. Қазір бұл жер оқушылардың рухани дамуына ықпал ететін, елсүйермендік сезімді қалыптастыратын ордаға айналды. Музей 2011 жылы «Үздік мектеп музейі» байқауының жеңімпазы болып, 2018 жылы осындай қалалық сайыста бас жүлдені иеленді. Музейдің жұмысы баспасөзде тұрақты насихатталып тұратыны қуантады.

ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ИННОВАЦИЯНЫҢ ОРДАСЫ

Музейден кейінгі мектептегі саяхатымыз дәліздегі «Барлығымызға арналған STEM» атты инновациялық жобалар көрмесінде жалғасты. Бір таң қаларлығы, көрмедегі әр жобаның жанында тұрған оқушылар ашқан жаңалығын, шығармашылық шешімдерін, құрастырған құрылғыларын жиналған жұртқа ашық көрсетіп, түсіндіріп берді. Олардың арасында су соратын құрылғы, жел диірмені, электр қуатын өндіретін шағын зауыт біздің қызығушылығымызды оятты. 45 жылдық мерейтойға 8 жұмыс тобы өз инновациялық жобаларын жасап, таныстырды. Балалар шығармашылық топтық жұмыс барысында туындаған қиындықтарды қалай жеңгенін, технологиялық шешімдерді тапқан жолдарын әңгімелеп, жинаған тәжірибелерімен бөлісті. STEM жобасы мектепте 2023 жылы енгізіліп, тұрақты жұмыс істеп келеді. Заманауи жобаға 63 мұғалім мен 45 оқушы тартылған.

STEM – бұл ғылым, технология, инженерия және математика салаларын қамтитын аббревиатура. Қазіргі кезде көптеген дамыған елдерде қолданылатын бұл бағыт оқушыларды сыни ойлау қабілетіне, әртүрлі ғылыми мәселелерді шешуге дағдыландырады. Жоба енгізілген бір жылда көп жетістіктерге білікті басшы Сәуле Мыңшалқызының ерік-жігері, ынта-ықыласының арқасында қол жеткізілгені көрмеден айқын аңғарылып тұрды. Мектеп басшысы микрофонды өз қолына алып, әр жобаны тәптіштеп түсіндірді. Мектептің миссиясындағы өзін-өзі дамыта алатын, өз бойындағы шығармашылық қасиетін іске асыратын бәсекеге қабілетті шәкірт тәрбиелеу деген мұратқа жетуде мұндай жобалардың атқаратын рөлі айрықша. Жуырда Т.Айбергенов мектебінде Сәуле Әзімханованың бастамасымен STEM жобаларына арналған қалалық семинар өтті. Жиында басқа мектептердің өкілдері өз озық тәжірибесімен бөлісіп, STEM-зертханалардың маңыздылығы туралы сөз қозғады. Семинарда мықты педагогтер мен ғылыми қызметкерлер оқушыларды 21-ғасырдың дағдылары – сыни ойлауға, жаңашылдыққа, көпшілдікке, мәселені бірлесіп шешуге үйрететінін атап айтты. «Мектебімізде тұрақты түрде инновациялық жобалар іске асырылады. Мысалы, Cisco, Жас сарбаз, Digital matematika, «Барлығымызға арналған STEM», робототехника, гидропоника және аэропоника, «Жасыл әлем» жобасы, «Төңкерілген сынып», Lesson study сияқты жобалар оқушыны шығармашылық қабілетін жетілдіруге, іскерлік дағдысын қалыптастыруға, білім игеру машықтарын дамытуға жұмылдырады» дейді Сәуле Мыңшалқызы.

Сондай-ақ мектепте қыздарға арналған заманауи жабдықталған технология кабинеті ашылды. «Көркем еңбек кабинеті» деп аталатын бұл бөлмеде технологиялық жабдықтардың барлығы бар. Мысалы, қыздарға арналған кабинетте: интерактивті тақта, тігін машиналары, кесіп-пішу столы, өрнектеп тігу машинасы, ас жабдығына арналған құралдар, ыдыстар, жиһаздар және т.б. бар. Ал ұлдарға арналған кабинет интерактивті тақта, ағаш кесу, темірмен жұмыс, қию, оюға арналған еңбек құралдарымен жабдықталған.

ДИМАШТЫҢ АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ ЖӘНЕ «ЖАСЫЛ АЙМАҚ»

Мерекелік саяхатымыз одан әрі «Жасыл аймақ» алаңында жалғасты. Мектепке кіріп келе жатқанда гүл бағына тап болғандай сезімді бастан кешіресің. Дәліздер де, жаңадан жабдықталған кабинеттер де, мерекеге безендірілген акті залындағы сахна да әсем гүлдермен көмкерілген. Гүл өсіру мен тал егуге бұл жерде ерекше көңіл бөлінетінін бірден байқайсың. Бұған «Жасыл әлем» атты мектепішілік экологиялық жобасының қосар үлесі зор. Айтпақшы, сол күні мерейтойға жиналған мәртебелі меймандар «Жасыл аймақ» алаңын аралап қана қоймай, игілікті іс тындырды. Алдын ала дайындалған әдемі гүлдерді әртүрлі құтыларда тұрған тыңайтқыштармен бірге егіп, мәз-мәйрам болды.

Одан кейін қаумалаған жұртпен бірге Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайбергеннің есімі берілген музыка кабинетінің ашылуына куә болдық. Еңселі де кең бөлмеге жөндеу жүргізіліп, толық жабдықталған. Қабырғада Димаштың үлкен суреті, балалық шағындағы сәулелі сәттері бейнеленген картиналар ілінген. Бір қабырғада музыкалық аспаптар қаз-қатар тізіліп тұр.

Салтанатты рәсімге Димаштың әжесі Миуа Низамутдинова, анасы Света Айтбаева және әлемге әйгілі әншінің Франция, Польшадан келген жанкүйерлері, Төлеген Айбергеновтің қыздары, мерекенің ең қадірлі қонақтары – Салтанат, Махаббат және Айнар Айбергеновалар, Астанадағы музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маемиров, білім беру ісінің ардагерлері – Әсима Бимендина мен Жамал Қасымбек, белгілі ұстаз Оспан Сүлейменұлы, ақын Дәулеткерей Кәпұлы, журналист Гүлшат Сапарқызы және өзге де меймандар қатысты. Димаштың әжесі Миуа апа қазақы дәстүрмен шашу шашып, кабинеттің лентасын қиды. Оқушыларға Төлегендей ақын, Димаштай әнші болыңдар, ең бастысы, осы мектептің шәкірті немесе түлегі деген атқа лайықты болыңдар деп ақ батасын берді. Одан кейін Димаштың анасы Света Айтбаева сөз кезегін алып, мектеп ұстаздары мен жиналған жұртты қуанышты күнмен құттықтады.

«Қымбатты Сәуле Мыңшалқызы!

Қымбатты мектеп ұстаздары мен оқушылары!

Баршаңызды киелі білім шаңырағының қайта түлеп, жарқырап ашылуымен құттықтаймын! Төлеген мектебінің шәкірттері осал болмауға тиіс. Бұл жерден қазақтың атын әлемге шығаратын талантты ұл-қыздарымыздың шығатынына сенім мол. Өнерпаз боламын деген балалардың қадамы құтты болсын! Димаштың атындағы кабинетке келіп қуанып тұрмыз. Бұл кабинет енді біздің назарымызда болады. Мүмкіндік болса, жиі-жиі келіп, музыка пәнінің мұғалімі ретінде сабақ өткізіп тұруға тырысамыз. Осындай қуанышқа құр қол келмейін деп көп ойланып, ырымдап мына қолымдағы екі картинаны алып келдім. Біріншісі – Әміре Қашаубаев ағамыздың портреті. Әміре ағамыз – Парижде ән салып, қазақтың үнін, дәстүрін күллі әлемге паш еткен әнші. Сіздерге де Әміредей әншінің жолын, бағын берсін деп ырымдадым. Екіншісі – 2019 жылы Будапеште өткен Димаштың концертінен кейін Ольга Жадок деген кісі салып, сыйлыққа ұсынған картина. Бұл өнер туындылары Сіздерді биікке ұмтылуға, қабілет-дарындарыңызды көрсетуге мотивация болсын деп тілеймін! Осы кабинетте білім алып, қазақтың атын әлемге танытатын өнерлі ұл-қыздарымыз көп болсын!» деді С.Айтбаева.

ТӨЛЕГЕН ТУРАЛЫ ДРАМА КЕРЕК

«Мектебім – шамшырағым!» атты мәдениет пен өнердің тойы акті залындағы мерекелік концертке ұласты. Концерттің алдында мектеп басшысы Сәуле Әзімханова құттықтау сөз сөйлеп, мерейлі күні ат басын бұрған барлық қонақтарға, 45 жылдыққа атсалысқан ұстаздар мен оқушыларға ағынан жарылып, алғысын айтты. Одан кейін сөз тізгінін ұстаған асылдың сынығы, тектінің тұяғы Махаббат және Айнар Айбергеновалар мерекелік көңіл-күйлерімен, екі күнде ойға түйгендерімен бөлісіп, тебірене сөйледі. Айнар Айбергенова әдеттегідей шабыттанып әкесінің жырын оқыды.

Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның эстрадалық вокал бөлімінің көркемдік жетекшісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахымқызы мен қазақтың өнерін насихаттап жүрген тамаша әнші Ержан Максим әннен шашу шашты. Музыкалық жас көрермен театрының басшысы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров Төлеген ақынның жырларын барлық буынның сүйіспеншілікпен оқып, рухани азығына айналдырғанын атап айтты. Ол алдағы уақытта Төлеген Айбергенов туралы драмалық шығарма жазып, оны театр сахнасынан көрерменге ұсынамын деген ниетін жеткізді. Сондай-ақ көрермендер Музыкалық жас көрермен театры әртістерінің, М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының «Бәйтерек» әнби ансамблінің, «Алтынай» халық ансамблінің, белгілі композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Кентау Назарбектің «Ұстаздың ғана қолында» атты әнін шырқаған «Айналайын» балалар хорының, №30 мектеп-гимназиясының дарынды оқушыларынан құрылған «TƏG» триосының өнеріне қошеметпен қол соқты. Керемет кештің соңында Төлеген Айбергенов мектебінің ұстаздары мен оқушыларының орындауында білім ұясының әнұраны ақынның «Атамекен» әнін әуелетіп, елорданың аспанын ән мен күйге бөледі.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ЖАРТЫ ҒАСЫР ОҚЫРМАН ОРТАСЫНДА

Биыл Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылғанына 50 жыл толды. Мекеме қызметкерлері мерейтойды Республика күні және Кітапханашылар күні мерекелерімен қатар атап өтті. Салтанатқа Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, қалалық мәслихат депутаттары, мәдениет және өнер қайраткерлері, оқырмандар қатысты.

КІТАПХАНАЛАР САНЫ 22-ГЕ ЖЕТТІ

«Еліміздің мәдениеті мен білім беру саласында аса маңызды орын алатын кітапханашы мамандардың еңбегін ерекше атап өту керек. Amanat партиясы кітапханалардың жағдайын жақсартуға, жаңа кітапханалар салуға және қазіргі бар кітапханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға әрдайым көңіл бөліп келеді. Осы жылы Астана қаласы мәслихатындағы Amanat партиясының фракциясы қолдаған 8 қалалық кітапхана жөндеуден өтіп, жаңа форматта жұмыс істеп жатыр» деді Мұхаммед Болысбек.

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры, Республика күні қарсаңында «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған Гүлбадан Мәдібаеваның айтуынша, 1974 жылы Целиноград қаласындағы 15 кітапхана бір жүйеге біріктірілді. Елорда кітапханаларының тарихы содан басталады.

«Кешегі қиын тоқсаныншы жылдары қаладағы екі үлкен кітапхана жабылды. Соның бірі – Сәкен Сейфуллин кітапханасы. Оның кітап қорының жартысы Президенттік мәдениет орталығына көшірілді. 1998 жылы Ақмола қаласы Астана атанғанда жаңа тарихымыздың парағы ашылды. Жүйеге кіретін кітапханалар саны артып, 18-ге жетті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен кейінгі екі жылдың ішінде жүйеде жақсы жағынан үлкен өзгерістер болды. Астана әкімдігі мен қалалық мәслихаттың қолдауымен өткен жылы 4 кітапханаға, биыл 8 кітапханаға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы жылы қаланың кітапхана желісі тағы 4 кітапханаға көбейді. Осылайша қазір қалалық кітапханалар саны – 22» дейді Гүлбадан Мәдібаева.

ОҚЫРМАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАР МЕН КЛУБТАР

Кітапханалар көбейгенімен, қатар штат та ұлғайды. Бұрын жүйеде техникалық және әкімшілік персоналды қосқанда 126 қызметкер болса, 4 жаңа кітапхана ашылғаннан кейін штатқа 18 адам қосылып, бүгінде қызметкерлердің жалпы саны 144-ке жетті. Республика күні мерекесінің қарсаңында жаңғыртудан өткен №15 және №5 көпшілік кітапханалары, №2 балалар кітапханасы қайтадан ашылды. Ал Сығанақ көшесінде жаңа №6 балалар кітапханасы және Ш.Қосшығұлұлы көшесінде жаңадан бой көтерген №8 көпшілік кітапханасы оқырмандарға есігін айқара ашты.

Жаңа кітапханалар оқырмандардың сұранысына сай ашылып жатқанын атап өту керек. Мәселен, бұдан бұрын сол жағалауда Ұлттық академиялық кітапханадан басқа кітапхана жоқ еді. Ал биыл Ә.Бөкейхан көшесінде №1 балалар кітапханасы және жоғарыда аталған Сығанақ көшесіндегі №6 балалар кітапханасы бой көтерді.

«Кітапханалар санына қатысты тиісті нормативтер бар. Негізі 20 мың тұрғынға 1 кітапхана болуы керек. Қазір Астана тұрғындарының санына қарай елордада 50 шақты кітапхана болуы керек. Мынадай қарқынмен оған да жетеміз деген үмітіміз бар» дейді Гүлбадан Мәдібаева.

БИЫЛ АШЫЛҒАН ЖАҢА КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ:

№ 1 балалар кітапханасы (Ә.Бөкейхан көшесі, 25/7)
№ 6 балалар кітапханасы (Сығанақ көшесі, 14)
№ 8 көпшілік кітапхана (Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 8/2)
№ 6 көпшілік кітапхана (Ж.Нәжімеденов көшесі, 27)

Қаланың «Қаламгерлер» аллеясындағы кітапхананы ерекше атап өту керек. Мұны қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне 2020 жылы Байқоңыр ауданының әкімдігі тарту етті. Осы жерде жылдың жылы мезгілдерінде әртүрлі іс-шаралар, қаламгерлермен кездесулер, поэзиялық кештер өтіп тұрады. Жалпы аталмыш кітапхананың жұмыс істеу мерзімі – мамыр-қазан айлары.

Бүгінгі таңда Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің жалпы кітап қоры 784000 дананы құрайды. Оқырмандар саны – 83 300. Жыл сайын қала кітапханаларында 2-3 мың әртүрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылып, атаулы күндер мен мерейтойлық даталар қамтылады. Бірнеше жоба тұрақты түрді жүргізіледі. Соның бірі – Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасындағы «Менің қолтаңбам» атты жоба. Аталмыш жобаны осы кітапхананың кітапханашысы, «Қазақстанның Мәдениет қайраткері» және «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгілерінің иегері Сағыныш Дүйсенқызы жүргізіп, кітапхана қонақтары, елімізге белгілі тұлғалардан қолтаңба жаздырып алады.

Ал №5 көпшілік кітапханада «Флора» бөлме өсімдіктерін сүйетіндер клубы ашылып, жұмыс істеп жатқанына шиырек ғасыр болды. Аталмыш кітапханада өте сирек кездесетін бөлме өсімдіктері өсіріледі. Сондай-ақ осы кітапханада өзін-өзі тану бойынша әдебиетсүйер қауым клубы ашылған. Клуб мүшелері әртүрлі жастағы оқырмандар. Атап айтқанда, мектеп оқушылары мен студенттерден бастап зейнеткерлерге дейін клубқа қызығушылық танытқан. Сонымен қатар осы кітапханада мектеп оқушыларына арналған поэзия клубы жұмыс істейді.

ИНСТАГРАМ, ТИК-ТОК АРҚЫЛЫ КІТАП ОҚЫТАДЫ

Қала кітапханаларында өз ісіне шын берілген адамдар еңбек етеді. Соның бірі – №4 көпшілік кітапхананың басшысы Динара Байғожина. Оның кітапқа құмарлығын кітапханашы болып жұмыс істеген нағашы әжесі оятты. Сол кезде оған Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», Ілияс Есенберлиннің «Алтын құс», Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» секілді кітаптар қатты әсер етті. Содан Қыздар педагогикалық институтын бітіргеннен кейін осы салаға келіп, жұмыс істеп жатқанына 15 жылдан асты.

«Қазіргі дамыған заманда кітап пен баланы байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Бүгінгі балаларды инстаграм, тик-ток секілді әлеуметтік желілер арқылы кітап оқуға тартып жатырмыз. Түрлі мотивация береміз. Себебі осы күнгі балалар телефонға телміруге әуес. Шынын айтқанда, осы күндері рухани дағдарыс кезеңін кешудеміз. Адамдардың рухани баюына әсер ететін бірден-бір тетік – кітап» дейді ол.

Оның айтуынша, қазіргі оқырмандар көркем әдебиетпен қатар психологиялық туындыларды, детектив жанрындағы кітаптарды көп сұрайды. Сондай-ақ балалар арасында комикстерге сұраныс жоғары. Кейінгі күндері мектеп оқушыларының біразы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабын іздеп келген. Ал жалпы классика аға ұрпақ арасында сұранысқа ие.

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

мың. теңге

Көрсеткіш атауы	2023 жыл
КІРІСТЕР:	
Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру	1 108 622
Демеушілік және қайырымдылық көмек	392 064
Барлығы	**1 500 686**
Өткен жылдардың профицитін (пайдасын) пайдалану	3 243
Жиыны	**1 503 929**
ШЫҒЫНДАР:	
Еңбек шығындары және әлеуметтік төлемдер	399 018
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді ұстауға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар	16 046
Іссапар шығындары	6 291
Жалға алу шығындары	74 978
Сақтандыру және кеңес беру шығындары	10 521
Байланыс қызметтеріне кеткен шығындар	2 324
Күрделі салымдар	140 648
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	43 719
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	73 895
Партия атрибуттары	22 654
Сайлау жарналары және партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауына қаражат	379 720
Басқа да шығындар	44 220
Жалпы шығындар	**1 214 034**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі-Кәсіпорын) мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 11/1.

Кәсіпорын қызметінің мәні: Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу.

Функционалдық міндеттері: Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады және тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның даму және жұмыс, бюджеттеу жоспарын әзірлейді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметінің мәселелерін шешеді. Кәсіпорынның міндеттемелері мен функцияларын орындауды қамтамасыз етеді. Қызметкерлер орындайтын есептердің, хаттардың, ақпараттардың уақытылы ұсынылуын және сапасын бақылайды. Қызметкерлердің жоспарларды орындауын ұйымдастырады. Ресурстарды ұтымды пайдалануды бақылауды жүзеге асырады. Жұмыстың жаңа және қазіргі заманғы әдістерін жетілдіру, жоспарлау және енгізу жөніндегі жұмысты талдайды және ұйымдастырады. Мемлекеттік билік және басқару органдары мен басқа да мүдделі ұйымдардың табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық-консультациялық қызметтері бойынша жұмысты ұйымдастырады. Кәсіпорын қызметінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және бақылайды. Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі алдындағы кәсіпорынның барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді бақылайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану); әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); жаратылыстану ғылымдары (химия және/немесе экология).

Мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне сәйкес басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Мүмкіндігінше «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесінің немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімінің болуы.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу Қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, 4-қабат, 435-кабинет, анықтама үшін телефоны: **8(7172) 74-12-19, e-mail: me.alipbaeva@ecogeo.gov.kz Меруерт Бердібайқызы Алипбаева**, мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Астана қаласының мәслихаты Қазақстанның көрнекті саяси және қоғам қайраткері **Владимир Николаевич Редкокашиннің** қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Владимир Николаевич 1948 жылы 6 қаңтарда Ақмола қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын «Целинсантехмонтаж» трестінде дәнекерлеушіден бастап Ұлттық тәуелсіз сараптама орталығы Жоғарғы алқа кеңесінің төрағасына (2018 жылдан) және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесіне дейін (2019 жылдан) өсті.

Екі рет В.Н.Редкокашин Астана қаласы мәслихатының хатшысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды (19.08.2011 жылдан), (17.10.2014-2017 ж. қайта сайланды).

Еңбек және қоғамдық салалардағы ерекше қызметтері үшін В.Н.Редкокашин мемлекеттік және халықаралық наградалармен, сыйлықтармен, құрметті атақтармен марапатталған. Республика күні қарсаңында I дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталған.

Владимир Николаевич өте әдепті, өз ісіне берілген, қамқор, жауапты адам болды. Ұзақ жылдар бойы Астана қаласының өкілді органын басқарып, сүйікті елордамыздың көркеюі мен гүлденуіне өз үлесін қосты. В.Н.Редкокашин ғұмырын еліне, Отанына қызмет етумен өткізді. Ол отбасының, достарының және әріптестерінің жүрегі мен естелігінде мәңгі сақталады.

Сіздер үшін осы қайғылы күнде менің шынайы қолдау сөздерімді қабыл алыңыздар.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан мемлекет және қоғам қайраткері, Астана қаласы мәслихатының депутаты, хатшысы, Астана қаласының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының республикалық қоғамдық бірлестігі, Орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының екі дүркін депутаты, «Құрмет» және I дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері

Редкокашин Владимир Николаевичтің

дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтып, қайғысына ортақтасамыз.

Астана қалалық Ардагерлерінің кеңесінің атынан мемлекет және қоғам қайраткері **Редкокашин Владимир Николаевичтің** Астана қаласы мәслихатының бұрынғы хатшысы, Астана қаласы мәслихатының бірнеше шақырылымының депутаты, Астана қаласының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (2011-2017 жж.), әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесінің қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына шын жүректен ортақтасып, көңіл айтады.

Владимир Николаевичтің асыл және ұмытылмас бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі қалады.

ҰЛЫ МЕРЕКЕНІ ҰЛЫҚТАҒАН ЖАРЫС

Республика күніне орай және мәслихаттардың 30 жылдығы аясында Астана қалалық мәслихатының қолдауы, «Elorda Aqparat» медиахолдингінің ұйымдастыруымен журналистер мен қаламгерлер арасында бильярд жарысы өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жалпы жүлде қоры 1 миллион 900 мың теңгені құрайтын, биыл дәстүрлі түрде үшінші мәрте ұйымдастырылған турнирге Қойшығара Салғараұлы, Төлен Әбдік бастаған иісі қазаққа танымал ақын-жазушылар, ардагер журналистер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, халық артисі Секен Тұрысбеков сынды өнер жұлдыздары, қоғам қайраткерлері қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов барша отандастарды ұлтымыздың ұлық мерекесі – Республика күнімен құттықтап, бұл күннің еліміз үшін маңызы айрықша екенін дәйекті дәлелмен атап өтті. «Биыл Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай қаламызда көптеген іс-шаралар ұйымдасытырылды. Соның бірі «Elorda Aqparat» медиахолдингі дәстүрлі түрде өткізіп келе жатқан бильярд турнирі, бүгін міне, Республика күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан да қатысушыларға мәслихаттардың 30 жылдығымен байланыстырып арнайы жүлделер де тағайындадық» деп өз сөзін түйіндеген ол арнайы марапаттарды өз қолымен тапсырды. Жүсіпбек Аймауытов атындағы номинация – Мемлекеттік сыйлық пен Франц Кафка атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Төлен Әбдікке берілді; Әлкей Марғұлан атындағы номинация – жазушы Қойшығара Салғараұлына; Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы номинация – Премьер-министр кеңсесі басшысының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Ермек Аманшаевқа; Қаныш Сәтбаев атындағы номинация Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижановқа табысталды.

Жарыстың бас төрешісі белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлы болды. Қатысушыларға қомақты жүлдеден бөлек, арнаулы сыйлықтар таратылды. Жереби тарту әдісімен 32 ойыншы топқа бөлініп, бәсекеге түскен бұл жарыста ақын Дәулеткерей Кәпұлы топ жарып, бас бәйгеге тігілген 500 мың теңгені қанжығасына байласа, екінші орын ардагер журналист, ақын Тұрмағанбет Ердешұлына бұйырды. Үшінші орынды Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің баспасөз орталығының жетекшісі Ербол Ерденбек пен «Хабар» арнасының қызметкері Ахмет Қайратұлы өзара бөлісті.

Үздік ойын көрсеткен «Мәдениетті ойыншы» номинациясы қоғам қайраткері Дархан Мыңбайға, «Мерген ойыншы» Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжанға, «Шебер ойыншы» номинациясы ардагер журналист Кенже Жұмағұловқа, «Үздік ойыншы» номинациясы Талғат Ешенұлына бұйырды. «Астана ақшамы» газетінің бір жылдық тегін жазылымы турнирде үздік ойын көрсеткені үшін Несіп Жүнісбайұлына, «Вечерняя Астана» газетінің бір жылдық тегін жазылымы Аяған Сандыбайұлына табысталды. Сонымен қатар номинанттар Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл медалімен марапатталды.

– Республика күнінің осындай дәрежеде тойлануы шын мәнінде біздің егемендікке деген құрметімізді білдірсе керек. Осы мерекеге орай «Elorda Aqparat» медиахолдингінің журналистер мен қаламгерлер арасында өткізген турнирде жеңімпаз атанып жатырмын. Шын мәнінде осындай жарыстарды ұйымдастырып тұру қаламгерлерді, ардагерлер мен жастарды жақындастырады. Өйткені мұнда жеңу мен жеңілу мәселесі емес, керісінше ұрпақ сабақтастығының көрінісі алға шығады, – деді Дәулеткерей Кәпұлы.

– Бұл турнирді осыдан 3 жыл бұрын «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттері шыға бастағанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырған болатынбыз. Қаламгерлер, журналистер бұл турнирге айрықша ықылас танытты. Өйткені бұл жарыс қаламгерлердің, журналистердің өзара пікір алмасатын, сырласып, әңгімелесетін тамаша алаңға айналды. Сосын да биыл 3-кезек өткізіліп отыр. Биылғы жарыстың Республика күніне және Астана қаласы мәслихатының 30 жылдығына орай өткізілуі бұл турнирдің тұғырын тіпті биіктете түсті. Осы орайда бізге қуатты қолдау көрсеткен қалалық мәслихатқа және барлық қатысушыларға айрықша алғыс айтамын, – деді жарыс соңында «Elorda Aqparat» медиахолдингінің директоры Олжас Сыдықбек.

...Отбасы, отанымыз аман болсын,
Қиындық халық көрген тамам болсын.
Ұрпақ үшін кәдімгі қой үстіне,
Бозторғай жұмыртқалар заман болсын, – деп абыз ақсақал Қойшығара Салғараұлы бата берген бұл мағыналы басқосуға, берекелі жарысқа барлық қатысушылар дән риза боп тарасты.

АБАЙЛЫҚ БАЛУАННЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ

Астана қаласында Республика күніне орай, «Барыс-Арена» стадионында қазақ күресінен «Қазақстан барысы – 2024» республикалық турнирі өтті.

Шапағат ӘБДІР

Жалпы 42 балуан бақ сынаған турнирге облыстық жарыстардың қорытындысы бойынша іріктелген еліміздің ең мықты балуандары қатысты. Олар – еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қала Астана, Алматы және Шымкент қалаларының спортшылары.

Нәтижесінде жартылай финалда Шымкент қаласының балуаны Ерсұлтан Мұзаппаров әскер барысы Әділ Оразбаевтан айласын асырып, финалға шықса, екінші жұпта жартылай финалда Абай облысының қос балуаны Саят Шамшиев пен Ерасыл Қажыбаев сынға түсіп, нәтижесінде Қажыбаев қарсыласын таза ұтып, финалға шықты. Осылайша Ерсұлтан Мұзаппаров пен Ерасыл Қажыбаев финалда «Қазақстан барысы-2024» атағын сарапқа салып, қарсыласын шақ келтірмеген Ерасыл Қажыбаев чемпион атанды.

Ал қазақ күресінен XIII республикалық «Қазақстан барысы» турнирінің 3-орын үшін белдесуде Саят Шамшиев пен Әділ Оразбаев шеберлік байқасты. Нәтижесінде Абай облысының балуаны Саят Шамшиев басым түсіп, «Қазақстан барысы – 2024» турнирінің 3-орын иегері атанды.

Жалпы жүлде қоры 27 100 000 теңгені құрайтын «Қазақстан барысы – 2024» республикалық турнирінің жеңімпазына 15 000 000 теңге берілсе, 2-орын алған спортшы 3 300 000 теңгеге иелік етсе, 3-орынға қол жеткізген балуан 1 080 000 теңге көлемінде сыйақы алды. Сонымен қатар әр балуан әр белдесуде жеңіске жеткені үшін тағы 100 000 теңгеден алып отырады.

Сондай-ақ турнирде жеңіске жеткен балуандардың бапкерлері де сыйақысыз қалмайды. 3 720 000 теңге спортшылардың жаттықтырушыларына берілді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №129
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**